4 Level of population's life in Kazakhstan 2008–2012 years / Statistic manual of the Agency of the Republic of Kazakhstan on Statistics. Under edition of Smailova A.A. – Astana, 2013. – P. 167.

5 Countries and regions 2002. Statistic manual of World Bank. – M.: All world, 2003. – P. 240.

Аңдатпа

Мақалада жұмыспен қамту және адам ресурстарды есепке алу жүйесін жетілдіру, халықаралық стандарттарға негізделген еңбек ресурстарының балансын есептеу әдістемесі және еңбек ресурстарының өңірлік балансының сызбасы қарастырылған. Еңбек ресурсын және олардың бөлінуін сипаттайтын өңірлік еңбек ресурс балансының құрылу тәртібі және олардың негізгі көрсеткіштері көрсетілген, еңбек ресурсы балансының негізгі көрсеткіштерінің есептілігі келтірілген, онда еңбек күшінің мөлшері халықтың санына, көбеюіне, жынысы мен жасы бойынша құрамдарына байланысты. Өңірдегі еңбек ресурсының негізгі бөлігі – еңбекке жарамды негізгі еңбек ресурстары, сол сияқты жасөспірімдер мен зейнеткер жастағы тұлғалардың еңбекке қабілеттілігі. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санын және олардың шын мәнінде тауарлар өндіру немесе өндірістік емес секторына тартылған адамдарды бөліп көрсету қажет. Еңбек ресурстарының балансы – оның өндірістік жұмыс күшін сипаттайтын тұрғындардың шаруашылықтағы құрамдас бөлігі және олардың сапалық құрамын (жынысы, жасы, әлеуметтік топтары, жұмыспен қамту түрлері, халық шаруашылығының салалары мен кәсіптері) көрсетеді. Еңбек ресурстарындағы баланс – тұтынушылардың сұранысы мен қызметкерлердің артықшылығын анықтауға мүмкіндік береді, олар екі бөлімнен тұрады: біріншісі еңбек ресурстарының мөлшері мен құрамын, ал екіншісі – олардың бөлінуін тіркейді. Еңбек ресурстарының қазіргі балансы жұмысбастылық түрін, жұмыспен қамту (материалдық және материалдық емес) саласын, экономика саласын, әлеуметтік топтарды анықтайды, еңбек ресурсын бөледі. Сондай-ақ, мемлекеттің аумағында еңбек ресурстарының орналасуын анықтайды.

Тірек сөздер: өңір, баланс, жұмыс күші, еңбек нарығы, жұмыспен қамту, көрсеткіш, адами ресурстар.

Аннотация

В статье рассматриваются вопросы совершенствования системы учета занятости и человеческих ресурсов, дана методика расчета баланса трудовых ресурсов на основе международных стандартов, разработана схема регионального баланса трудовых ресурсов. Показан порядок создания ресурсов трудового баланса региона и его основных показателей, характеризующих наличие трудовых ресурсов и их распределение, приведены расчеты основных показателей баланса трудовых ресурсов, где размер рабочей силы зависит от населения, воспроизводства, состава по полу и возрасту. Основная часть трудовых ресурсов региона – это население трудоспособного возраста, так как подростки и лица, вышедшие на пенсию, могут работать. Необходимо отличать население, которое фактически участвует в материально-производственной или непроизводственной сфере экономически активного населения. Баланс трудовых ресурсов является неотъемлемой частью баланса национальной экономики, характеризующей воспроизводство труда, и отражает количество трудовых ресурсов и их качественный состав (по полу, возрасту, социальным группам, типам занятости, отраслям народного хозяйства и профессиям). Баланс трудовых ресурсов позволяет определить потребность и избыток рабочих и состоит из двух частей: первая фиксирует количество и состав трудовых ресурсов, вторая – их распределение. Настоящий баланс трудовых ресурсов определяет виды занятости, сферы занятости (материальное и нематериальное производство), отрасли экономики, социальные группы, распределяет трудовые ресурсы. Он также определяет местонахождение трудовых ресурсов на территории государства.

Ключевые слова: регион, баланс, рабочая сила, трудовой рынок, трудоустройство, индикаторы, человеческие ресурсы.

Д.М. АЙКУПЕШЕВА,¹

Э.Ғ.К.

А.М. БАЛКИБАЕВА,²

Э.Ғ.К., доцент.

К.А. КИРДАСИНОВА,²

Э.Ғ.К., қауымдастырылған профессор.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық университеті.¹

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті²

АЙМАҚТАҒЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК АЙЫРМАШЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

Андагна

Гендерлік теңдік – ерлер мен әйелдердің теңдей құқықтық статусының болуы және олардың әлеуметтік теңдігі мүмкіндіктерінің болуы. Шетелдік және отандық авторлардың гендерлік теңдік мәселесі бойынша жүргізген зерттеулердің нәтижелері дамыған елдерде де басқа елдерде де орын алп отырғанын көрсетеді. Гендерлік теңдік әлі де қоғамдық пікірталастардың ортасында және демократия мен адам құқығын қорғауды қамту жолында дамудағы мемлекеттердің әлеуметтік саясатының мақсаты болып көзделеді. Гендерлік тәсіл арқылы әйелдердің экономикалық жетістіктерге жетуінде пайда болатын және олардың әлеуметтік құқықтары мен экономикалық мүмкіндіктерін төмендететін кедергілерді анықтауға мүмкіндік туады. Әйелдер жағдайының жақсаруы жалпы әлеуметтік прогресс, қоғам өмірінің жақсаруына әкеледі. Мақаланы зерттеу барысында адами дамудың әлемдік үрдісінде ерлер мен әйелдердің өмір сүру жасының ұзақтығында, сауаттылығы, білім деңгейі мен еңбек ақы мөлшерінде айырмашылық бар, дегенмен, әйелдердің мүмкіншіліктері ерлермен салыстырғанда біршама шектеулі. Өтпелі кезеңнің зардаптары посткеңестік кеңістік елдерінде гендерлік теңсіздікті онан әрі күшейтті. Нарықтық экономикадағы әйел еңбегін пайдалану және әйел жұмыс күші нарығының қалыптасуы мен даму негіздері, еңбек нарығындағы әйел жұмыс күшінің дискриминациясы себептері мен оның туындауына негіз болатын факторларды айқындау, өңірлік әйел жұмыс күші нарығын тереңірек талдау мақсатында әйелдер арасында сауалнама жүргізілді.

Тірек сөздер: гендер, феминизм, гендерлік қатынастар, гендерлік теңсіздік, еңбек нарығы, дискриминация, адам құқығы.

Қоғамның үшінші мыңжылдығының алдында тұрған ауқымды факт әртүрлі әлеуметтік топтар мен азаматтар категориясының лауазымды мәртебелерінің өзгерісін тудырып отырған экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени трансформацияны жүзеге асыру болып отыр. Бұл кезеңдегі анық болған факторлардың бірі – гендерлік фактор. Қоғамдық және жеке салаларда ерлер мен әйелдердің әлеуметтік жағдайының өзгерісі, жанұя құрылымындағы өзгерістер, әлеуметтік кепілдіктер жүйесінің түрленуі қоғам өмірінің әртүрлі жақтарын анықтайтын маңызды фактор ретінде ерлер мен әйелдердің өзара әрекетін қарастыру қажеттілігіне әкеледі. Осыған байланысты, қазіргі Қазақстан ғылымында гендерлік тәсілдің құрылуындағы әртүрлі әлеуметтік және экономикалық құбылыстарды оқытуды енгізу қажеттілігі туындап отыр. Берілген тәсілді экономиканың теориясы мен практикасына енгізу ерлер мен әйелдердің экономикалық жағдайларының айырмашылығын және оның пайда болу себептерін талдап көрсететін жаңа бағыттарын қалыптастырады.

Еліміздің Тәуелсіздігінің алғашқы күндерінен-ақ ана мен баланы, әйелдер кәсіпкерлігін және гендерлік тең құқылықты қолдау мәселесі Мемлекет басшысының саясатында негізгі рөл атқарды. Елбасымыздың «Гендерлік теңдікке қол жеткізудің 2006–2016 жылдарға арналған стратегиясы» Жарлығы бойынша ерлер мен әйелдерді қоғамның барлық саласында теңестіру қарастырылып отыр.

Қазіргі біздің қоғамымызда, әсіресе аймақтық деңгейде ұлттық, мәдени дәстүрлермен, халықтың менталитетімен байланысты ерлер мен әйелдердің экономикалық, әлеуметтік жағдайларының маңызды айырмашылығының болуымен сипатталады. Еңбекке қабілетті жастағы

әйелдердің жалпы жұмысбастылығы ерлерге қарағанда төмен, сонымен қатар жұмыссыздық пен ұзақ мерзімді жұмыссыз қалу да ерлерге қарағанда әйелдерде басым. Меншікті бөлу, зейнетақымен қамтамасыз ету, бизнеске және басқа да салаларға қатысу деңгейінде маңызды айырмашылықтарды байқауға болады.

Еңбек нарығындағы гендерлік теңдік мәселелері және гендерлік зерттеулердің даму негіздерін теориялық және әдіснамалық тұрғыда дәлелдеу, гендерлік теңдікті реттеу механизмдерін нақтылау болып табылады.

Алға қойған мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттерді шешу қажеттілігі айқындалады:

- ◆ гендерлік қатынастар мәнін және экономикалық және әлеуметтік салалардағы гендерлік асимметрияның қалыптасу механизмін зерттеу;

- ◆ Қазақстан Республикасындағы ерлер мен әйелдер теңдігінің мемлекеттік саясатының ерекшеліктерін көрсету және талдау жүргізу;

- ◆ гендерлік теңдік саясатын жасау мен оны қалыптастырудың аймақтық аспектілерін көрсету;

- ◆ аймақтың және еліміздің әртүрлі әлеуметтік және экономикалық салаларындағы гендерлік теңсіздікті талдау;

- ◆ аймақтың әлеуметтік-экономикалық жүйесіндегі гендерлік теңдікті қалыптастырудың экономикалық және әлеуметтік-мәдени факторларын зерттеу және ашып көрсету;

- ◆ еңбек нарығының қалыптасу факторлары мен реттеу формалары және талдау әдістері негізінде жұмысбастылықты реттеу мәселелерін зерттеу;

Қазіргі кезде қоғамдағы әйел мен ердің орны туралы түсініктер мен құндылықтар, осымен байланысты стереотиптер мен әлеуметтік үрдістер ерекше өзекті мәселеге айналып отыр. Себебі қазіргі дүниеде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін зорлықсыз өмір сүрудің идеалдарын, барлық адамзатқа ортақ құндылықтың негіздерін іздеу қажеттігі туып отыр. Осындай жағдайда гендер мәселесін дәстүрлі дүниетаным шеңберінде қарастырудың мәні зор. Өйткені жыныстардың қоғамдық ролі туралы процестер мен стереотиптер ұрпақтан ұрпаққа дәстүр бойынша жалғасып келе жатқан, тамыры тереңге кеткен түсініктер негізінде қалыптасады.

Бұл түсініктер қоғам дамуының ұзақ тарихы бойында дамып отырады және оның әртүрлі қырлары болады: тарихи, экономикалық, саяси, психологиялық және діни [1].

Гендерлік зерттеулер – бұл әлеуметтік-экономикалық трансформацияны талдауда гендерлік бағытты іске асырушы пәнаралық зерттеу тәжірибесі. Гендерлік талдаулар қоғамда жүргізілетін экономикалық іс-шаралар мен отбасынды қабылданатын экономикалық шешімдердің ерлер мен әйелдерге келешек мүмкін боларлық ықпалын ескеруге мүмкіндік беретін талдау болып саналады.

Зерттеулерге сәйкес, ерлер мен әйелдер өздерінің алған тәрбиесіне, қоғамдағы олар үшін жасалған дәліздерге сәйкес өздерін ұстайды. Сондықтан елді кешенді жаңғыртуда маңызды бағыттарының бірі гендерлік саясат болып табылады [2].

Гендерлік саясат – қоғамның барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне жетуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу жатқызылады.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, Қазақстан Республикасында әйелдердің жағдайын жақсарту жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары, әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының конвенциясы, ол конвенцияның Қазақстанда орындалуы жөнінде БҰҰ-ның ұсыныстары, басқа да бекітілген халықаралық шарттар мен келісімдердің негізінде әзірленді. Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясат Тұжырымдамасы халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы тұрақталуының және ел экономикасының орнықты дамуының қазіргі кезеңіне, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективаға (2050 жылға дейін) есептелген [3].

Гендерлік зерттеулердің ерекшеліктері – олар ғылымды толықтырумен қатар білім беру, институционалды және қоғамдық-саяси белсенділікке бағытталған:

- ♦ білім беру міндеті – гендерлік мәселелер жөнінде қоғамның түсінігін көтеру, оларды арнайы пән ретінде жоғарғы оқу орындарында оқу үдерісіне енгізу;
- ♦ институционалды міндеті – академиялық ғылым тарапынан бағалануы және зерттеу орталықтарының құрылуы;
- ♦ саяси міндеті – әйел мүддесін саяси күн тәртібіне енгізу

Л.П. Репинаның айтуынша батыстық университеттер бағдарламаларында әйел мәселесіне арналған курс алғаш рет 1979–1980 оқу жылдары Сан-Диего университетінде пайда болды. Ал 1970–1980 жылдары тарихи ғылым қауымындағы скептицизмге қарамастан АҚШ та да, Европада да әйелдік зерттеулердің академизациясы, институционализациясы жүрді. Нәтижесінде көптеген университеттерде әйелдік және гендерлік зерттеу орталықтары немесе тіпті факультеттер ашылды.

Қазақстанда қазіргі кезде жүріп жатқан әлеуметтік-экономикалық, мәдени, саяси өзгерістер көптеген қоғамдық мәселелерді қайта қарауды қажет етеді. Солардың ішінде ең өзектісі гендер мәселесі.

Қазіргі кездегі гендерлік теңдік түсінігі – бұл ерлер мен әйелдердің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өмірге араласуында пайда болған, ерлер мен әйелдер арасындағы қатынастар. Бұл қатынастар сипаты гендерлік қатынастардың қоғам өмірінің әртүрлі салаларында пайда болып, қалыптасқан ерлер мен әйелдердің мәртебелік ұстанымдары мен орындайтын қызметтеріне негізделген қатынастары болып табылады. Берілген жағдайда гендерлік қатынастарды экономикадағы, саясаттағы, әлеуметтік салалардағы ерлер мен әйелдердің жағдайын сипаттайтын әртүрлі сандық және сапалық көрсеткіштер қатынасы деп түсінуге болады.

Гендерлік теңдікке жету арқылы төменгі мәселелерді шешуге болады:

- ♦ экономикалық өсу мәселелері;
- ♦ кедейшілік деңгейін төмендету;
- ♦ тиімді мемлекеттік басқару

Әйелдің еңбек саласына араласуына жас құрылымы, денсаулығы, неке жағдайы, миграциялық ағым сияқты демографиялық шектер аса зор әсерін тигізеді. Сондай-ақ, жұмыс істеуші ананың еңбек әрекетіне оның тәрбиелеп отырған балаларының демографиялық сипаттамасы – олардың саны, дүниеге келу кезегі, жасы, денсаулығы да ықпал етеді. Сонымен бірге, отбасында науқас немесе егде жастағы адамдардың болуы қазақстандық әйелдердің экономикалық белсенділігінің төмендеуіне бірден-бір ықпал етуші жайттардың бірі болып табылатындығын да айта кеткен жөн [4].

Қазақстан заңдарына сәйкес әйелдердің мемлекеттік қызметке тұруына және сыртқы саяси қызметке қатысуына ерлермен тең мүмкіндік қамтамасыз етілген. Алайда іс жүзінде мемлекеттік биліктің жоғары лектерінде, өндіріс пен қаржы саласындағы жауапты қызметтерде әйелдер аз.

Көптеген зерттеушілер «әйелдік», «феминистік» және «гендерлік зерттеулерді» синоним ретінде қолданады. Біреулері «гендерлік зерттеулерді» әйелдердің мүддесі үшін әйелдердің әйелдерді зерттеуі деп түсінеді. Бірақ бұл дұрыс емес, көптеген жағдайларда әйел затының құқықтары жерге тапталып жатады, сондықтан әйел құқығына байланысты мәселелер туындап, гендерлік зерттеулерде көрініс тауып жатады. Осындай жынысқа байланысты дискриминация жағдайларын болдырмас үшін де гендерлік саясат жүргізіледі.

Гендерлік саясаттың негізгі қағидаттары Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген әйелдер мен ерлердің тең құқығы мен еркіндігін белгілейді.

Қазақстандағы гендерлік саясаттың міндеттеріне әйелдер мен ерлердің билік құрылымдарында теңдестірілген қатысуына қол жеткізу, экономикалық тәуелсіздіктің барлық тең мүмкіндіктерін қамтамасыз ету, өз бизнесін дамыту және қызмет бабында ілгерілеу, отбасында құқықтар мен міндеттерді тең жүзеге асыру үшін жағдайлар жасау, жыныстық белгісі бойынша зорлықтан еркін болу жатқызылады.

Қазіргі таңда Қазақстан мемлекетінің алдындағы ең басты міндет – инновациялық экономиканы қалыптастыру. 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары еліміздің жарқын

болашағына арналған. Оның іске асырылуына бүкіл қоғам болып атсалысу парыз. Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарын жүзеге асыруға әйелдердің белсенді қатысуына ықпал етерлік саяси тұрақтылық пен ұлтаралық татулық, тиімді басқару, әлеуметтік үнқатысу, адам құқықтарын құрметтеу және халықаралық еңбек нормаларын сақтау, кәсіпкерлік мәдениеті, тиімді әрі тұрақты макроэкономикалық саясат, сауда және экономикалық интеграция, бәсекелестік ортаның болуы, қаржы қызметіне қолжетімділік, кәсіби даярлық, әлеуметтік әділеттілік пен сенімді әлеуметтік қорғау сияқты гендерлік өлшемдерге негізделген факторлар мол.

Еңбек нарығында жұмыс түрлерінің әйелдер жұмысы және ерлер жұмысы деп бөлінуі немесе жыныс белгісі бойынша бөлінуі сегрегацияның болуын бейнелейді.

Қызылорда облысында әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат бойынша облыстық және 8 өңірлік комиссиялар жұмыс істейді. Олар аудандық және Қызылорда қалалық әкімдіктері жанынан ашылған. Комиссия құрамында беделді тұлғалар бар: мемлекеттік орган басшылары, жергілікті мәслихат депутаттары, кәсіпкерлер, журналистер, ҰЕҰ мүшелері. Комиссияның негізгі мақсаты – әйелдердің азаматтық белсенділігін арттыру, жоғары білімді, саяси мықты әйел кадрлары мемлекетті басқару ісінде ер азаматтарға лайықты бәсекелес болуы керек. Осы жылдары облыстық комиссия маңызды, ең бастысы, адамдар талабына сай жұмыстар жүргізді

Облыс әкімі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат комиссиясы үкіметтік емес сектормен, депутаттық корпуспен және жергілікті БАҚ бірлескен жұмыстарын жалғастырады, гендерлік теңдіктің мемлекеттік бағдарламасын бұдан әрі қарай іске асыра береді.

2010–2015 жылдарға арналған аймақтағы гендерлік теңдікті нығайтуға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша атқарылатын іс-шаралар төмендегі 1-кестеде берілген.

Аталған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу жолдары:

♦ шешім қабылдайтын деңгейдегі билік органдарында әйелдердің үлесінің көп болуына қол жеткізу;

- ♦ әйелдердің экономикалық өмірге белсенді қатысуы үшін жағдай жасау;
- ♦ әйелдер арасында кәсіпкерлікті дамыту бойынша шараларды жетілдіру;
- ♦ әйелдер мен балалардың денсаулығын жақсарту шараларын қабылдау;
- ♦ отбасы және некенің жағымды жақтарының адамгершілік құндылықтарын жаңғырту;
- ♦ әйелдерді кемсітушіліктің барлық түрлерінен қорғаудың құқықтық кепілдігін қамтамасыз ету, бірінші кезекте – отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғау.


Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған Гендерлік теңдік стратегиясын қабылдағаннан бері Қазақстандағы ерлер және әйелдер құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында біршама ілгерілеуге қол жеткізді. Қоғамдағы гендерлік қатынастардың демографиялық сипаттамалары ішінде әйелдер мен ерлер санының қатынасы үлкен маңызға ие [5].

Еңбек нарығындағы әйелдер мен ерлердің теңдей мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін, дискриминациялық элементтерді жоятын құқықтық базаның құрылуына Қазақстанның заңнамалық актілеріне гендерлік сараптама жүргізу жұмыстары ықпалын тигізеді. Мұндай жұмыстар әйелдер құқығын қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияларға қосылған елдерде жүйелі түрде өткізіліп тұрады. Оның пәні – азаматтарға қатысты нақты құқықтық актілер және оларды жүзеге асыру механизмдері.

Шамамен сұралғандардың осындай бөлігі қоғамдағы ерлер мен әйелдер рөлінің және статусының теңдігі деп түсінеді (сүрет 1, б. 118).

Ал гендерлік теңдікті ұлттық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға теңдей қатысу шарттары деп-16%, бірдей пайда алу үшін теңдей шарттар деп-4% түсінеді.

Сұрау барысында респонденттердің жартысынан астамы гендерлік стратегия мазмұны және оның бар екендігі туралы білмейтінін айтқан. Респонденттердің үштен бір бөлігі стратегия туралы естуі бар екендігі, бірақ оның мазмұнын білмейтінін белгілесе, 8% респонденттер бағдарламаны білетінін, бірақ толық емес екенін, тек 4% респондент бұл бағдарламаны жақсы білетінін айтқан.



Сурет 1 – «Қазақстан Республикасында 2006–2016 жылдарға арналған «Гендерлік теңдік стратегиясы» жүзеге асырылуын бағалау

Ескертпе – Авторлардың құрастыруымен.

«Қазақстан Республикасындағы Гендерлік теңдік стратегиясының» негізгі ережелері жайлы халықтың негізгі ақпарат алу көздері ретінде интернет және бұқаралық ақпарат құралдарын атаған (сурет 2).



Сурет 2 – Салалар бойынша ерлер мен әйелдер арасындағы теңсіздіктің орын алуы

Ескертпе – Авторлардың құрастыруымен.

Респонденттердің басым бөлігі отбасы бюджетін әділ бөлу мен үй жұмыстарында отбасылық міндеттерді әділ бөлуді отбасы-тұрмыстық саласындағы өзекті мәселелер ретінде айтады. Сұралғандардың үштен бір бөлігі балалар тәрбиесіне теңдей қатысу мәселелерін көрсетеді, ал респонденттердің бестен бір бөлігін мүліктік құқықтарының теңдігі мәселелері мазалаған.

Сұрау нәтижелері бойынша қазіргі қоғамда ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуде келесі ұсыныстар анықталды:

- ◆ заңдық базаны жетілдіру;
- ◆ дәйекті гендерлік теңдікке қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік саясатты жүргізу;
- ◆ әлеуметтік теңдікті қорғаудың қоғамдық пікірін қалыптастыру;
- ◆ кәсіподақтардың мақсатты бағытталған жұмыстарды жүргізуі;
- ◆ әйелдер ұйымдарының белсенділігін арттыру.

Осы аталғандармен қатар қосымша гендерлік саясатты жүргізу үшін жауапты адамдар үшін арнайы курстар енгізу, оларда мынадай көрсеткіштерді қабылдау қажет:

- 1) білім беру жүйесіндегі басшылық деңгейіндегі ерлер мен әйелдердің арақатынасы;
- 2) гендерлік сезімталдылықты дамытатын оқу бағдарламалары мен курстарының санын арттыру;
- 3) орта кәсіптік және жоғарғы білім беру жүйесінде ауыл қыздары үшін арнайы квотаның болуы;
- 4) жоғарғы білімді әйелдердің үлесі;
- 5) ғылыми дәрежесі бар әйелдердің үлесі;
- 6) ғылымдағы ерлер мен әйелдердің арақатынасы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Филимонкова С.А. Обеспечение гендерного равенства в социально-трудовой сфере: автореферат дис. ... канд. экон. наук: 08.00.05. – М., 2005.
- 2 Чернова И.И. Исследование процессов в социальной структуре современного общества: автореферат дис. ... докт. соц. наук: 22.00.04. – Нижний Новгород, 2002.
- 3 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан–2050» стратегиясы – Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» – 15.12.2012 жылғы Қазақстан халқына жолдауы.
- 4 Өсімбаева И. Әйелдердің саяси өмірге араласуы: Қазақстандық тәжірибе // Қазақ газеттері. – 2011. – 24 қаңтар.
- 5 Стратегия гендерного равенства в Казахстане на 2006–2016 годы: утв. Указом Президента Республики Казахстан 29 ноября 2005 г. № 1677: http://massaget.kz/laws/rus/docs/U050001677_/.

Аннотация

Гендерное равенство – это равное правовое положение мужчин и женщин и их возможностей для социального равенства. Результаты исследований по проблеме гендерного равенства зарубежных и отечественных авторов позволяют сделать вывод о том, что до конца она не решена ни в одной из стран мира. Гендерное равенство по-прежнему остается предметом острых общественных дискуссий и целью социальной политики государств, развивающихся по пути демократии и соблюдения прав человека. В рамках гендерного подхода возможно выявление вытекающих из успешного функционирования экономических и социальных прав женщин и устранение препятствий на пути экономических возможностей. Улучшение положения женщин, наряду с общим социальным прогрессом, приводит к улучшению жизни общества в целом. В ходе исследования мирового процесса развития человеческого капитала выявлено, что есть разница в ограниченных возможностях женщин, в ожидаемой продолжительности жизни, грамотности, уровне образования и заработной платы по сравнению с мужчинами. Последствия переходного периода в постсоветских странах усилили гендерное неравенство. Для более глубокого анализа и исследования регионального рынка труда женщин был проведен опрос среди женщин с целью анализа женского труда и формирования женского рынка труда, женской дискриминации на рынке труда.

Ключевые слова: гендер, феминизм, гендерные отношения, гендерное неравенство, дискриминация, рынок труда, права человека.

Abstract

Gender equality is an equal legal status of men and women and their opportunities for social equality. Results of researches on the problem of gender equality of foreign and domestic authors allow drawing a conclusion that even today it is solved in none of the countries of the world. Gender equality remains a subject of heated public debates and the purpose of social policy of the states developing on the way of democracy and respect for human rights. Within the framework of a gender approach, it is possible to identify women's economic and social rights arising from the successful functioning and to remove obstacles to economic opportunities. The improvement of the status of women, along with general social progress, leads to an improvement in the life of society as a whole. During the research of world process of development of the human capital, a difference in limited opportunities of women in the life expectancy, literacy, education and the salary in comparison to men was revealed. The consequences of the transition period in post-Soviet countries have caused gender inequality. For a deeper analysis and study of the regional labor market for women, a survey was conducted among women to analyze female labor and the formation of the female labor market, female discrimination in the labor market.

Key words: gender, feminism, gender relations, gender inequality, discrimination, labour market, human rights.

А.Б. АЙДАРОВА,¹
э.ғ.к., қауымдастырылған профессор (доцент).
К.К. МАМУТОВА,¹
э.ғ.к., доцент.
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті¹

ҚР-ДАҒЫ ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ТИІМДІЛІГІН ЖОҒАРЫЛАТУ БАҒЫТТАРЫ

Андатпа

Қаржылық нарықтар – ұлттық экономиканың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Экономикалық агенттердің жинақ ақшаларын жинақтау, оларды инвестицияларға айналдыру, сондай-ақ оларды экономиканың әртүрлі салалары арасында бөлуді қамтамасыз ететін қолданыстағы тиімді қаржы нарықтары (дамыған банк жүйесімен қатар). Бұдан басқа, дамыған қаржы нарықтары сыртқы инвестициялардың (ең алдымен портфельдік) ағынына ықпал етеді, олардың көлемі қолданыстағы пайыздық мөлшер деңгейіне байланысты болады, әртүрлі тәуекелдер деңгейіне және олардың инвестицияларға айналуына еліміздің дамуының экономикалық көрсеткіштерімен, яғни жүргізіліп жатқан фискалдық және ақша-кредит саясатымен, әлеуметтік-саяси тәуекелдер, сондай-ақ инвестициялық тәуекелдер сияқты жиынтық көрсеткіштерімен анықталады. Шетелдік инвестициялар айтарлықтай өсті (негізінен портфельдік). Дегенмен, қаржы нарығы нақты сектордан іс жүзінде толығымен оқшауланып, оның қарқынды дамуы негізінен теңгемен айырбастау бағамына («валюта дәлізін» енгізу) және республикалық бюджет тапшылығының салыстырмалы жоғары деңгейіне әкімшілік бақылау арқылы фискалдық және ақша-несие саясатына негізделді. Нәтижесінде қаржы нарығының барлық сегменттерінің елеулі дамуы Қазақстан Республикасының экономикасының ілгерілемелі дамуын қамтамасыз ету үшін осы артықшылығын пайдалануға мүмкіндік бермеді.

Тірек сөздер: қаржы нарығы, зейнетақы қоры, кастодиан-банк, сақтандыру компаниясы, инвестиция, тәуекел, бюджет.

Қаржы нарығы – қызмет жағынан алғанда кәсіпорындардың, банктердің, мемлекеттің бағалы қағаздар сату арқылы халықтың бос қаржысын жинап, қайта бөлуді қамтамасыз ететін нарықтық қатынастар жүйесі.

Қаржы нарығының негізгі бағыттары болып келесілер табылады:

- ◆ инвестициялық және пайлық қорлардың пайда болуы мен қалыптасуына және жұмыс жасауына жағдай жасау;
- ◆ бірыңғай зейнетақы қоры, КУПА, кастодиан-банктердің және сақтандыру компаниялардың қызметін мемлекет тарапынан реттеу жүйесін жетілдіру;
- ◆ сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының қызметінің мемлекет тарапынан реттелуін жетілдіру мәселелері, соның ішінде сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының сақтандыру резервтерін инвестициялаудың ережелерін қарастыру;
- ◆ акционерлік қоғамдардың қызметін реттеу бойынша заңнамалық нормативтік базаны жетілдіру;
- ◆ салық бойынша заңнаманы жетілдіру;
- ◆ бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларының, бағалы қағаздармен жасалатын саудаларды ұйымдастырушылардың және лицензиялар мен рұқсат қағаздары негізінде бағалы қағаздар нарығында қызмет атқаратын басқа да ұйымдардың қызметін реттеуді жетілдіру.

Қаржы нарығының әртүрлі сегменттері өзара тығыз байланысты, ол қаржы ағындарының қозғалысымен және түрлі сегменттердің қаржы құралдарының табыстылығының теңсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған қозғалыстар арқылы экономикалық көрініс табады. Талдау келесі қағидалар бойынша жүргізіледі: жалпы ішкі өнім құрылымы бойынша, нарықтың ресурстық сегментациясына байланысты ұлттық шоттар жүйесін қолдана отырып, Қазақстанның қаржы нарығын реттеу – институционалдау белгісі бойынша классификациялау арқылы [1].

Қазақстанның қаржы нарығының сегменттерінің даму тұрақтылығы берілгендерін оның динамикасымен сәйкестендіргенде оның тұрақтылығы тек 2013 жылдан бастап ғана дамығандығы байқалады, бұл жылы ресурстарға қызмет көрсетуші нарықтар сегменттері өзінің

дамуының нормативтерінің тиісті деңгейге жеткендігі байқалады (өсудің рұқсат етілген динамикасы жылына 20%) (кесте 1).

Одан басқа, нарықтың ресурстарды құраушы сегменттері екі жылдық нормативке үшінші жылы ғана қол жеткізді. Бірақ 2014 жылы нарықтың барлық сегменттері және оның жалпы көлемі көрсеткіштерінің жылдам өскендігін көрсетті, ол Қазақстан экономикасының қаржы секторының тұрақсыз өсуін көрсетеді.

Кесте 1 – Қазақстан қаржы нарығының даму тұрақтылығы

Көрсеткіш	Жыл					
	2010	2011	2012	2013	2014	2015
Ресурсты құраушы нарықтар (РҚН) ЖІӨ-ге						
Депозит нарығы	1,90	1,83	2,24	2,21	3,58	3,54
Сақтандыру нарығы	0,00	0,01	0,01	0,01	0,01	0,01
Зейнетақы нарығы	0,08	0,09	0,08	0,09	0,09	0,09
Халықаралық несиелер	0,03	0,09	0,09	0,14	0,28	0,17
Қарыздық қорлар	0,00	0,01	0,01	0,02	0,04	0,02
РҚН бойынша барлығы	2,01	2,02	2,43	2,46	4,00	3,87
Ағымдағы шотқа аудармағанда	0,82	1,07	0,99	0,95	1,91	2,10
Ресурстарды орналастырушы нарықтар (РОН) ЖІӨ-ге						
Несие нарығы	0,53	0,52	0,49	0,59	0,77	0,81
Бағалы қағаздар нарығы	0,13	0,19	0,26	0,34	0,94	0,65
Банкаралық депозиттер	0,02	0,02	0,02	0,05	0,05	0,04
РОН бойынша барлығы	0,68	0,73	0,78	0,98	1,77	1,50
Барлығы қаржы нарығы РҚН және РОН арқылы	2,69	2,75	3,21	3,45	5,77	5,37
Ағымдағы шотқа аудармағанда	1,50	1,80	1,77	1,93	3,67	3,60
Ресурстарға қызмет етуші нарықтар (РҚКН) ЖІӨ-ге						
Ақша нарығы	4,14	5,09	5,18	6,99	9,79	10,83
Валюта нарығы	0,18	0,22	0,22	0,30	0,57	1,70
РҚКН бойынша барлығы	4,32	5,31	5,40	7,29	10,36	12,53

Осы көрсеткіштердің өзі ұлттық экономикаға келесідей әсерін көрсетеді. Қазақстанда ЖІӨ-нің 100 теңгесін құрау үшін қаржы нарығында 577 теңге қаржы құралдары қолданыста бар. Олардың 358 теңгесі – депозиттік құралдар (ағымдағы шоттарды қоса алғанда), 77 теңгесі – несиелер құралдары, 5 теңгесі – банкаралық несиелер, 94 теңгесі – қор нарығының құралдары, 10 теңгесі – зейнетақы және сақтандыру нарықтарының құралдары.

Бұдан ЖІӨ-нің 100 теңгесіне қызмет жасау үшін қаржы институттары халықаралық несиелердің және облигациялық займдардың 32 теңгесін қолданысқа енгізеді, ол өз өтімділігін қамтамасыз етеді.

Яғни, талданылып жатқан төртінші жылға норматив 80% болғанда ресурсты орналастыратын нарықтар нормативті 2 есеге арттырды, өсу деңгейі бойынша нарықтың ресурстарға қызмет ету сегменттерін де баса озды (1,75 есеге нормадан артық) [2].

ҚР-дағы қаржы нарығы дамуында дағдарыстың орын алуы салдарын сыртқы қарыздардың өсуімен, яғни олардың өсімі Халықаралық Валюта Қорының нормативтерінен (динамикалық даму үшін) 11,7 есеге артты.

ЖІӨ-нің 100 теңгесін қаржыландыру үшін қаржы нарығына несиелер құралдарының 77 теңгесін қолданысқа жібереді, бұл ұлттық экономика көздерінің құрылымында қаржы леверидж деңгейінің жоғары екендігін аңғартады.

Бұндай жағдай Қазақстан экономикасының өз өндірісі арқылы қолданысқа жаңа депозиттік құралдарды енгізе алғандығынан, яғни ЖІӨ-нің әрбір 100 теңгесі депозиттерге экономика субъектілерінің 358 теңге бос ақша қаражаттарын жұмсауымен байқалады. Өз кезегінде, ұлттық экономиканың ЖІӨ-нің әрбір 100 теңгесін құруда қаржы құралдарының 94 теңгесі инвестицияланады, олардың 16 теңгесі ғана тікелей инвестициялау құралдары болып табыла-

ды (корпоративтік облигациялар және МЕОКАМ), ал қалған 75 теңге қор нарығының капитализациясын көрсетеді.

Негізгі мәліметтер ретінде қаржы нарығының сегменттерінің байланысын бағалау үшін қаржы нарығының келесі индикаторлары алынды: KASE Shares; қор индексі – теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы, мемлекеттік бағалы қағаздардың орташа табысы, депозиттік құралдардың орташа табысы, сақтандыру құралдарының орташа табысы, зейнетақы активтерінің орташа номиналды табысы, несиелік операциялар бойынша орташа табысы.

Қарастырылатын индикаторлардың саны өте көп және де олардың өзара байланысы өте күрделі, себебі нарықтың бір сегменті, мәселен, бағалы қағаздар нарығы несиелік нарықпен тығыз байланысты, сонымен қатар зейнетақы, сақтандыру, валюта нарықтарымен де байланысты болып келеді [3].

Қаржылық нарықта көмекші қызмет атқаратын қаржылық делдалдар мен қатысушылардың негізгі мақсаты – тәуекел төмендеген кезінде жоғары табыс алу болып табылады. Қаржы нарығының бұл институттары операциялық шығындарды төмендетуге әсер ететін және қаржы нарығының механизмі мен құралдары арқылы инвестициялау процестерін ынталандыратын шарттарды құруға бағытталған болып келеді. Қаржы нарығының осы қатысушылар тобы қызметтердің критерийі тікелей қатысушылар институттарының негізгі қызметтерін орындауға, құқықтық және институционалдық аспектілерді бөлуге бағытталған болып келеді. Сәйкесінше, факторлы-мақсатты талдау Қазақстанның қаржы нарығының дамуының негізгі факторлары мен басымдылықтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Дағдарысқа қарсы мемлекеттік шараларды жүзеге асыру, соның ішінде қаржы нарығын және банктерді бағалы қағаздар сатып алу арқылы тікелей қолдау қаржы нарықтарындағы – биржалық және биржалық емес нарықтардағы тәуекелдердің төмендеуіне алып келді. Бірақ бұл тұрақсыздықтың жаңа ошақтарының пайда болуына әсер етті, олар негізінен түрлі елдердің мемлекеттік қарыздарының өсуімен, сонымен бірге мемлекет тарапынан жүргізілген дағдарысқа қарсы шаралардың дұрыс жүргізілмеуі салдарынан болды [4].

2015 жылы дамушы елдердің, олардың ішінде БРИКС (Бразилия, Ресей, Индия, Қытай, Оңтүстік Африка Республикасы) елдері экономикасының әсері жоғарылады. Осы топтың мүшелері өздерінің бірлестігін күшейту мақсатында қауымдастық құрды. 2020 жылдары БРИКС елдері арасында тауар айналымы Америка және Еуропа арасындағы тауар мәмілерінің жалпы соммасынан асады деген болжамдар бар. Бұл осы елдердің қатысушылары өздеріне ұзақ мерзімді іс-әрекет жоспарын түзгендігін көрсетеді, олардың жүргізген саясаты әлемдік экономиканы сауықтыруға елеулі үлес қосады, дамушы елдерге көмек көрсету және инвестициялық балансты құруға себеп болады. БРИКС елдері жаңа экономикалық базаны қалыптастыру бойынша жұмыстар атқаруда. Басқаша айтқанда, осы елдердің басшылары қолданыстағы жүйеде көшбасшы болуды емес, жаңа формацияны құруға бағытталып отыр [5].

ҚР-дағы қаржы нарығының тиімділігін жоғарылатудың келесідей жолдарын ұсынуға болады:

- ♦ бағалы қағаздар нарығы субъектілері қызметіне міндетті талаптар белгілейтін нормативтік құқықтық актілер шығару;
- ♦ эмиссиялық бағалы қағаздар шығаруды тіркеу мен оларда көзделген шарттар мен міндеттерді эмитенттердің сақтауын бақылауды жүзеге асыру;
- ♦ бағалы қағаздар нарығына кәсіптік қатысушылар және олардың өзін-өзі реттейтін ұйымдары қызметін лицензиялау;
- ♦ биржадан тыс нарықтағы айналыста бағалы қағаздардың бағасын белгілеуді және оның саудасын техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын қор биржалары мен ұйымдардың қызметін лицензиялау;
- ♦ бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың құқықтарын қорғау жүйесін ұйымдастыру және олардың құқықтарын эмитенттер мен бағалы қағаздар нарығына кәсіптік қатысушылардың сақтауына бақылау жасау;
- ♦ бағалы қағаздар нарығына кәсіптік қатысушылар қызметіне бақылау жасау және бағалы қағаздар нарығын реттейтін заңдарды бұзғаны үшін тиісті санкцияларды қолдану;
- ♦ бағалы қағаздар нарығында заңдарды бұзатын адамдарды анықтау және жауапкершілікке тарту жөніндегі шаралар қолдану;

♦ бағалы қағаздар нарығына қатысушылардың кәсіптік және білім деңгейін арттыру жөніндегі жүйелерді ұйымдастыру жолымен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орган арқылы мемлекет бағалы қағаздар нарығында қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеу мен бақылауды жүзеге асырады.

Бағалы қағаздар нарығындағы қатынастарды реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті бағалы қағаздар нарығын реттеу мен бақылау және акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі мемлекеттік органды құрады, ол өз қызметінде Конституция нормаларын, бағалы қағаздар нарығы туралы заңдар мен Қазақстан Республикасының өзге де заңдарын басшылыққа алады және Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Ережелер негізінде жұмыс атқарады [6].

Мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздарды және басқа да бағалы қағаздарды шығару Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік тіркеуге алынады.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасы Үкіметі 2002 жылғы 29 желтоқсан № 1424 «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы» қаулысымен бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жөнінде бірқатар заман талабына сәйкес ұсыныстар енгізіп отыр.

Сонымен, тұрғындардың сақталған қорларын банк және бағалы қағаздар арқылы жұмылдыра отырып өндіріске тарту, оның құрылымын жетілдіру мақсатында инвестициялау бүгінгі күні ең ұтымды саясат бағыты ретінде танылып отыр.

Қаржы нарығын дамытудың түйінді көрсеткіштері бойынша 2020 жылға қарай мынадай нысаналы бағдарларға қол жеткізу жоспарланып отыр. Банктердің активтері мұнай емес ЖІӨ-нің кемінде 80%-ын, несие портфелі – мұнай емес ЖІӨ-нің кемінде 60%-ын құрайды, бұл олардың экономиканы, әсіресе мемлекеттік даму бағдарламаларында қаржыландыруға қатысуын кеңейтуді болжайды. Осы мәндер шетел банктерінің қазақстандық нарыққа көлемді өктемдік саясатын шектеу, отандық қаржылық жүйені сақтау және отандық банктерге шетелдің қаржы институттарының кіруін толық ырықтандырудан отандық банктердің шығындарын төмендету үшін барынша аз қажеттілік ретінде бағаланады. Алайда банк секторы бойынша нысаналы бағдарларға қол жеткізілмейді деген тәуекелдер, ең алдымен, ірі отандық кәсіпорындардың, әсіресе мемлекеттің қатысуымен және сыртқы нарықтарда даму институттарының көлемді қарыз алуларымен байланысты. Нәтижесінде отандық банктік жүйе шағын және орта бизнес және халық үшін ғана сұранысқа ие болып қалып отыр, себебі олардың әлеуеті активтердің белсенділігін «көпіршіксіз» айтарлықтай арттыруға мүмкіндік бермейді.

Нарық бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2–2,5 есе ұлғаяды. Сақтандыру сыйлықақыларының көлемі халықтың бөлшек ерікті сақтандыруды, оның ішінде өмірді жинақтап сақтандыруды қамтуды кеңейту есебінен ұлғаятын болады. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша сақтандыру сыйлықақыларының өсуі тұтыну бағалары индексінің артуы және сақтандыру объектілері санының ұлғаюы есебінен қолдау табады. Акциялар нарығын ЖІӨ-ге қатысты капиталдандыру «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру және жаңа IPO корпоративтік эмитенттермен жүргізу шартымен екі есе ұлғаяды. Ислам банктерінің үлесі Қазақстан Республикасының банктік жүйесі активтері көлемінің 3–5%-ын құрайды.

АӨҚО Азияның жетекші он қаржы орталығының тобына кіреді.

2020 жылға жоспарланып отырған қаржы нарығын дамытудың түйінді нысаналы көрсеткіштері қаржылық делдалдық тереңдігінің, тұтынушыларға көрсетілетін қаржы қызметтерінің көлемі мен сапасының қаржы секторының негізгі сегменттерінде шекара ашу жағдайларында шетелдік ойыншылармен бәсекелестіктің қажетті деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін деңгейге дейін өсуін болжайды [7].

Қаржы жүйесін 2030 жылға дейін дамытудың түпкілікті көрсеткіштерін белгілеу ұсынылған қаржылық үлгі нәтижелеріне негізделетін болады. Сондықтан тиісті бағдарларды белгілеу 2020 жылы қол жеткізуге жоспарланып отырған нәтижелерге негізделуі тиіс.

Қорыта айтқанда, қаржы нарығының қалыптасуы және оның тиімді жұмыс істеуі Қазақстандағы ұлттық капитал мен табыстардың өсіп шоғырлануына тікелей байланысты болып табылады [8].

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Көшенова Б.А. Бағалы қағаздар нарығы – Алматы: Экономика, 1999.
- 2 Нургазина А. Модели рынков ценных бумаг. РЦБК // Аналитический журнал. – 2009. – № 14. – С. 36–41.
- 3 Аналитический обзор. Биржевый рынок. Итоги развития биржевого фондового рынка за 2014 год. РЦБК // Аналитический журнал. – 2015. – № 1–2(237–238). – Январь–февраль. – С. 76–80.
- 4 Сәрсенов Ә. Қаржы секторындағы ұзақ мерзімді тұжырымдамалар: «Қазақстан–2030» стратегиясынан «Қазақстан–2050» стратегиясына дейін // Алматы ақшамы. – 2014. – № 41(4915). – 10 сәуір.
- 5 Адамбекова А.А. Финансовый рынок Алматы как основа для создания регионального финансового центра // Банки Казахстана. – Алматы, 2006. – № 5. – С. 13–20.
- 6 Адамбекова А.А. Риски на финансовом рынке и особенности их управления в условиях кластерной модели развития // Проблемы менеджмента и рынка: материалы международной научно-практической конференции. – Оренбург, 2006. – С. 336–342.
- 7 Адамбекова А.А. Влияние глобализации на формирование кластерной модели развития финансового рынка // Страны с переходной экономикой в условиях глобализации: материалы международной научно-практической конференции. – Москва: РУДН, 2006. – С. 3–7.
- 8 Адамбекова А.А. Финансовый рынок Казахстана: становление и развитие: монография. – Алматы: Дауир, 2014. – 453 с.

Аннотация

Финансовые рынки – ключевой компонент национальной экономики. Эффективно действующие финансовые рынки призваны наряду с развитой банковской системой аккумулировать сбережения экономических агентов, трансформировать их в инвестиции, а также обеспечивать их распределение между различными секторами экономики. Кроме того, развитые финансовые рынки способствуют притоку внешних инвестиций (прежде всего портфельных), объем которых существенно зависит от уровня действующих процентных ставок, рисков различного рода, а их трансформация в инвестиции определяется фундаментальными экономическими показателями развития страны, проводимой фискальной и монетарной политикой, социально-политическими рисками, равно как и таким агрегированным показателем, как инвестиционные риски. Существенно возросли иностранные инвестиции (но главным образом портфельные). Однако финансовый рынок был фактически полностью изолирован от реального сектора, а его интенсивное развитие базировалось отчасти на неадекватной фискальной и монетарной политике – прежде всего с помощью административного контроля за обменным курсом тенге (введение «валютного коридора») и сравнительно высокого уровня дефицита республиканского бюджета. В результате значительное развитие практически всех сегментов финансового рынка не позволило использовать данное преимущество для обеспечения поступательного развития экономики РК.

Ключевые слова: финансовый рынок, пенсионный фонд, банк-кастодиан, страховая компания, инвестиции, риски, бюджет.

Abstract

Financial markets are a key component of the national economy. Effective financial markets are designed (along with a developed banking system) to accumulate the savings of economic agents, transform them into investments, and ensure their distribution among different sectors of the economy. In addition, the developed financial markets contribute to the influx of external investment (primarily portfolio), the volume of which depends significantly on the level of current interest rates, risks of various kinds, and their transformation into investment is determined by the fundamental economic indicators of the country's development conducted by fiscal and monetary policy. Political risks, as well as an aggregated indicator, such as investment risks. Foreign investments have significantly increased (but mostly portfolio). However, the financial market was in fact completely isolated from the real sector, and its intensive development was based in part on inadequate fiscal and monetary policies, primarily through administrative control over the ruble exchange rate (the introduction of the «currency corridor») and the relatively high level of the federal budget deficit. As a result, significant development of almost all segments of the financial market did not allow using this advantage to ensure the progressive development of the economy of the Republic of Kazakhstan.

Key words: financial market, pension fund, custodian bank, insurance company, investments, risks, budget.

Г.С. МАРГАЦКАЯ,¹
к.э.н., профессор.
Р.В. МАРГАЦКИЙ,¹
к.э.н., директор
Представительства компании
Schildershoven Finance B.V.
Университет «Туран»¹

МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРАКТИКА РЕГУЛИРОВАНИЯ ОБОРОТА КРИПТОВАЛЮТ

Аннотация

Обращение криптовалюты вызывает массу вопросов у инвесторов и справедливые опасения защищенности и правомерности работы на данном рынке. Перед правительством всех стран возникает вопрос о правовом статусе криптовалюты. Отдельные страны уже совершили первые шаги в этом направлении, у других законы, регламентирующие статус криптовалюты, находятся еще на стадии проектов и обсуждений. В статье проведен анализ мирового опыта восприятия криптовалюты на уровне законодательной власти, который показал, что на конец июля 2017 г. 63% из 60 проанализированных стран имеют благоприятное или в основном благоприятное регулирование криптовалют. Такой разброс – от полного запрета до легального обращения, по мнению авторов, вполне обоснован. Криптовалюты являются цифровыми активами. Население должно быть знакомо с цифровыми деньгами и готово принять их в повседневной жизни. Страны должны иметь надлежащие государственные органы, которые стремятся принимать новые разработки и технологии. На наш взгляд, Казахстан готов к созданию своей виртуальной валюты уже сейчас, но важно сделать это качественно. Относительно эмиссии: принцип и подход должны быть как и при тенге, но только в электронном режиме, при этом значительно сократятся затраты на эмиссию бумажных денег, инкассацию и прочее. Количество эмиссии и курс криптовалюты будет зависеть от состояния экономики Казахстана.

Ключевые слова: криптовалюта, виртуальный актив, токен, Bitcoin, Litecoin, Ethereum, Coinbox, блокчейн, регулирование.

Интерес к криптовалюте среди людей растет практически каждый день, во всем мире все больше распространяется сеть магазинов и других учреждений, где за определенные материальные ценности можно расплатиться криптовалютой. Криптовалюта – это виртуальный цифровой актив, ничем не обеспеченный, одной единицей которого является монета (coin), учет его децентрализован. Криптовалюта стоит ровно столько, насколько доверяют данному активу участники рынка. По своей природе криптовалюту нельзя приравнивать ни к денежным средствам, ни к ценным бумагам, так как она никем не регулируется в отличие от вышеуказанных активов [1].

Создать виртуальную валюту просто, сложнее сделать так, чтобы новая валюта пользовалась популярностью. У каждой из криптовалют есть свои особенности, например, наличие «умных контрактов» (эфир), быстрое подтверждение транзакций (лайткоин), исходный код, отличный от биткоина (риппл), отсутствие предела на объем эмиссии (пиркоин) и т.д.

Криптовалюты активно используются как удобное средство платежа или перевода средств за границу. Учет цифровых счетных единиц проводится децентрализованно. При этом транзакция в большей степени не шифруется. Для обеспечения неизменной базы используются элементы криптографии, то есть наличие цифровой подписи подтверждает владельца данной валюты. Если информация об осуществленной транзакции однажды попала в блокчейн, она там остается навсегда. Вся информация о транзакциях находится в открытом доступе. Данные нельзя удалить, отредактировать. Блокчейн устроен таким образом, что даже минимальное изменение требует больших вычислительных ресурсов. Таким образом, устойчивость системы и ее «защита» – в ней самой.

Криптовалюта как инструмент халяльного банкинга обсуждается и исламским сообществом и может быть создана в течение ближайших двух лет. В ОАЭ стали выпускать новую

криптовалюту, обеспеченную золотом, в ряде мусульманских стран недавно появились биржи для биткоинов, например, BitOasis, основанная в ОАЭ и предлагающая услуги в Кувейте, Бахрейне и Саудовской Аравии, а также Bitcoin в Индонезии и Coinbox в Малайзии, которые предлагают услуги, связанные с криптовалютами. Главные особенности криптовалюты, которые смущают последователей ислама, – это высокая степень риска (майсир) и неопределенности (гарар), отсутствие обеспечения реальными активами и гарантии государства [2].

И главное отличие криптовалют от национальных – отсутствие центрального регулирования.

Эмиссия различного рода криптовалют осуществляется без какого-либо регулирующего органа, при этом объем эмиссии известен заранее, тем самым как бы ограничивается бесконтрольный выпуск данной «цифровой валюты».

Это все дает возможность предположить, что криптовалюта в какой-то степени взяла на себя часть функций мировой валюты.

Новые цифровые финансовые активы, как и все новое, вызывают массу вопросов у инвесторов и справедливые опасения защищенности и правомерности работы на данном рынке. С этим уже нельзя не считаться на уровне государственного регулирования. Перед правительством всех стран возникает вопрос о правовом статусе криптовалюты. И главное – где же поставить запятую во фразе: «Запретить криптовалюту нельзя разрешить».

Отдельные страны уже совершили первые шаги в этом направлении, у других законы, регламентирующие статус криптовалюты еще на стадии проектов и обсуждений.

Рассмотрим более детально мировой опыт регулирования статуса криптовалюты.

На данный момент биткоин и другие криптовалюты полностью запрещены в трех странах: Исландии, Эквадоре и Боливии [3]. В других странах степень либерализации использования криптовалют существенно различается.

Перевалы «Связка» и «Гляциологов» должны быть исключены из «Перечня...», т.к. это перевал Ольги, так его называли первопроходцы (Вуколов В.Н., 1986 г.). В «Неофициальном перечне...» ошибочно указано, что первопрохождение этого перевала осуществили текелийские туристы под руководством В.А. Бацких в 1981 г. Из перечня следует также исключить перевалы Запорожская сечь, Бессонова, Распопова как повторные названия уже известных перевалов

Проводимые за последние 40 лет походы по Джунгарии неоднократно подтверждали длительную перспективу для совершения первопрохождений по перевалам района.

По результатам разведок, проведенных группами туристов Московского авиационного университета под руководством В.С. Тихонова, было установлено следующее. В Северной Джунгарии на стыке Аксуйского и Карасырского отрогов, особенно в районе перевала Сокол (2Б), выводящего на ледник Тушинского, имеется несколько перемычек, к ним ведут склоны, прохождение которых может быть оценено как 3А – 3Б к.с. Очень важно, что пути через эти потенциальные перевалы логичны для связывания короткими маршрутами долины рек Б. Айдаусай и Карасырык.

Исследования, проведенные московскими туристскими группами под руководством А.М. Ермилова (2014), И.О. Петрунина (2014), К.А. Гальченко (2014), М.В. Моркунцевой (2011), показали, что в Коктаальском отроге имеется несколько седловин, через которые удобно проходить в долину р. Мал. Усек. Эти седловины имеют категорию сложности 1А.

До настоящего времени этот район посетили всего около сотни групп, это крайне мало для района такого масштаба. Хребты Джунгарского Алатау только в пределах Казахстана продолжают на несколько сотен километров. До сих пор здесь ждут своих первопроходцев десятки перевалов и сотни вершин. Долгие годы туристское освоение района сдерживал его приграничный статус. В последние годы ситуация изменилась и попасть в район не составляет больших проблем.

В Северной Джунгарии, по данным «Неофициального перечня...» (А. Цветков), по состоянию на 1.01.2018 г. 173 классифицированных перевала, из них на 141 перевал имеется достоверная информация, в Центральной Джунгарии – 129 перевалов, информация есть на 121, в Южной Джунгарии – 185 перевалов и на 168 из них есть информация. Этот факт еще раз подчеркивает актуальность написания путеводителей и составление карт по всем трем подрайонам казахстанской части Джунгарского Алатау для обеспечения безопасности казахстанских и иностранных туристов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Вуколов В.Н. Путеводитель «По Жетысускому (Джунгарскому) Алатау. Горные туристские маршруты по Северной, Центральной и Южной Джунгарии». – Алматы, 2015. – 300 с.

Андатпа

Соңғы 40 жылда Жоңғарияның Қазақстан бөлігіне жүргізілген сапарлар өңірдің асуларына алғаш рет жорық жасаудың ұзақ мерзімді келешегін бірнеше рет растады. В.С. Тихоновтың жетекшілігімен мәскеулік туристердің тобы жүргізген барлаудың нәтижесінде Солтүстік Жоңғарияның Ақсу және Қарасым тау тарамдарының қиылысында бірнеше бөгет бар екендігі анықталды, олардан өту 3А–3В к.к. бағаланады. Бұл әлеуетті асулар арқылы жолдардың Ү. Айдайсу және Қарасырык өзендер аңғарларын қысқа бағыттармен

байланыстыруы қисынды болып табылатыны маңызды. А.М. Ермилова, И.О. Петрунина, К.А. Гальченко, М.В. Маркунцеваның жетекшілігімен туристік топтардың жүргізген зерттеуі 1А күрделілік категориясы бар, Кіші өзен аңғары арқылы өту ыңғайлы болып табылатын Көктал тау тарамдарында бірнеше аңғарлар бар екендігін көрсетті. Қазақстан бөлігіндегі Жоңғар Алатауының ондаған асулары алғашқы жорық жаушыларды әлі де күтуде. Солтүстік Жоңғарияда «Бейресми тізім...» деректері бойынша, 173 жіктелген асулардың 141 асуларына расталған ақпарат бар. Орталық Жоңғарияда – 129 асулар бар, оның 121-іне ақпарат бар, Оңтүстік Жоңғарияда – 185 асулар бар, оның 168-іне ақпарат бар. Бұл факт қазақстандық және шет елдік туристерді қауіпсіздікпен қамтамасыз ету үшін Жоңғар Алатауының қазақстандық бөлігінде барлық үш бөлшек аудандары бойынша жолкөрсеткіштерді жазу және карталарды құрудың маңыздылығын тағы да дәлелдейді.

Тірек сөздер: жолкөрсеткіш, туризм, туристік карталар, тау асулары, тәжірибе, бағыттар, туристтер, қауіпсіздік.

Abstract

The campaigns carried out for the last 40 years on the Kazakh part of Dzungaria repeatedly confirmed the long term commission of pathfindings on passes of the area. Based on the results of investigations of the Moscow tourists headed by V.S. Tikhonova it has been established that in Northern Dzungaria on a joint of Aksu and Karasu spurs, there are several crossing points the passing of which can be estimated as 3A–3B. It is important that ways through these potential passes are logical for binding by short routes of the valley of the rivers B. Aydausay and Karasyryk. The researchers conducted by tourist groups led by A.M. Yermilov, I.O. Petrunin, K.A. Galchenko, M.V. Morkuntseva have shown that in the Kaktalsu spur there are several calls through which it is easy to pass to the valley of the river Malyi Ussek that has category of complexity 1A. In the Dzungarian Ala Tau, only within Kazakhstan dozens of passes are still waiting for pioneers. In Northern Dzungaria, according to «The informal list...» there are 173 classified passes, the reliable information is available on 141 of them. In the Central Dzungaria there are 129 passes, information is available on 121, in the Southern Dzungaria – 185 passes and on 168 of them we have information. This fact once again emphasizes relevance of writing guides and drawing up cards on all three subdistricts of the Kazakhstan part of the Dzungarian Ala Tau, for safety of the Kazakhstan and foreign tourists.

Key words: guide, tourism, tourist maps, mountain passes, practice, routes, tourists, safety.

О СПЕЦИФИКЕ ПОДГОТОВКИ ГИДОВ ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ТУРИЗМА

Аннотация

В статье автор рассматривает подготовку гидов экологического туризма как интегральную часть подготовки специалистов для сферы туризма, приводит подходы к профессиональному образованию в сфере туризма. Анализ тенденций развития экологического туризма, таких, как популяризация экологического туризма на региональном и государственном уровнях, увеличение спроса на специализированные программы в области экологического туризма, рост трехсторонней (государство – туристы – местное население) заинтересованности в развитии эколого-образовательного, эколого-воспитательного и природоохранного компонентов экологического туризма, направленных на повышение экологической культуры туристов и поддержание экологического баланса в регионе, доказывает актуальность подготовки специалистов экологического туризма в системе дополнительного профессионального образования. В результате исследования выявлены сущность и специфика понятия «гид экологического туризма» и определено место специализации «гид экологического туризма» в профессионально-квалификационной структуре кадров туристско-экскурсионной системы, показаны основные направления подготовки гидов экологического туризма в системе дополнительного профессионального образования: организация и проведение экскурсий по интерпретации природного и культурного наследия на экологической тропе; учебные мероприятия в сфере экологического туризма; походы, экологические акции, экспедиции; эколого-воспитательные и эколого-образовательные мероприятия в условиях похода; экологические лагеря и образовательные учреждения.

Ключевые слова: природные резерваты, природные объекты, экотуры, экотуристы, гиды, экотуризм, экскурсии, экспедиции.

В Казахстане имеется много возможностей для привлечения зарубежных туристов. Страна обладает выдающимся культурным наследием, огромными туристско-рекреационными ресурсами, а также значительным потенциалом нетронутой природы, большим количеством национальных парков и заповедников. Не случайно в последние годы экологический туризм в Казахстане становится одним из перспективных направлений развития туристской отрасли и способствует устойчивому развитию экономики страны. Он является аттрактивным видом туризма как для отечественных, так и для иностранных туристов. Их привлекают Поющий бархан, космические ландшафты Западного Казахстана и Алматинского региона, неповторимая красота Восточного Казахстана. А кто-то не может считать себя счастливым путешественником, не побывав в Центральном Казахстане. Безусловно, это похвально. Проблема в том, где взять столько гидов экологического туризма, которые могли бы обслуживать весь этот контингент зарубежных туристов. Вузы их не готовят. Отдельные курсы по подготовке гидов экотуризма не в счет. При этом надо учитывать, что поток туристов, как наших, так и зарубежных, в экологические дали Казахстана будет расти очень быстро. Как решить эту важную проблему? Однако внятного ответа от чиновников на этот вопрос практически не найдешь. Лишь Казахстанская туристская ассоциация проявляет в этом деле большую заинтересованность и инициативу, но этого мало.

Основными целями экотуризма являются экологическое образование, повышение культуры взаимоотношений человека с природой, выработка этических норм поведения в природной среде, воспитание чувства личной ответственности за судьбу природы и ее отдельных элементов, а также восстановление духовных и физических сил человека, обеспечение полноценного отдыха в условиях естественной природной среды [1]. Путешествия в природные резерваты, особо охраняемые природные территории (ООПТ) всегда остаются популярными у туристов. Это своего рода аксиома. Что привлекает их здесь? Прежде всего аттрактивность уникальных и экзотичных природных объектов и явлений, находящихся на ООПТ. Путешествия по экологическим тропам подразумевают соблюдение определенных принципов в деятельности человека, которые направлены на устойчивое развитие общества, минимизацию влияния на природу, со-

действие экологической и культурной просвещенности. А это возможно при наличии грамотного гида экотуризма. И вот здесь мы сталкиваемся с тем, что таких гидов на ООПТ тоже очень мало.

Понимая создавшуюся ситуацию, кафедра «Туризм и сервис» университета «Туран» под руководством автора статьи в прошлом году организовала и провела курсы по подготовке гидов экологического туризма по 96-часовой программе. Первый блин не оказался комом. Коллектив ППС кафедры осуществил полезную работу по подготовке гидов экотуризма. Курсы всем слушателям, да и преподавателям понравились. Но вместе с тем они выявили ряд особенностей и проблем по подготовке гидов экологического туризма, на которых хотелось бы остановиться.

Начнем с того, что кафедра практически осуществляла выполнение заказа одной из турфирм южной столицы на подготовку таких гидов. При этом разработка учебного плана осложнялась тем, что поле деятельности гидов экологического туризма довольно значительное – это и особо охраняемые природные территории, и археологические памятники, которые вызывают значительный интерес у слушателей, и экологические проблемы и пр. Слушателям больше хочется знать о туристских дестинациях региона, а ими выступают особо охраняемые природные территории (ООПТ): заповедники, заказники, национальные парки, памятники природы. Поэтому важно четко определиться с Тематическим планом лекций для слушателей курсов по подготовке гидов экотуризма. Можно, конечно, подобрать тематику лекций. Это не сложно. Безусловно, на первый план должны выйти вопросы сущности экотуризма, его виды, особенности моделей развития экотуризма в отдельных странах, принципы экотуризма и т.д. При этом следует иметь в виду, что экологический туризм многолик и имеет различные виды – научный туризм, познавательный, рекреационный, приключенческий туризм – это с одной стороны. Многих привлекают туры по истории природы. Это путешествия, связанные с познанием окружающей природы и местной культуры. Как правило, такие туры представляют собой совокупность учебных, научно-популярных и тематических экскурсий, пролегающих по специально оборудованным экологическим тропам. Чаще всего они также организуются по территориям заповедников и национальных парков. Сюда же относятся походы школьников, в ходе которых преподавателем, гидом проводятся экскурсии и беседы о природе. Этот вид экотуризма особенно популярен в Германии, поэтому его еще называют «немецкой моделью развития экотуризма». Руководство многих национальных парков, заповедников мира превращают экологические экскурсии в настоящее шоу. Примером может служить Йеллоустоунский национальный парк в США, где продолжительность экскурсий рассчитана по минутам и связана с периодами активности гейзеров. Очень часто показ природных объектов, особенно в пещерах, сопровождается цветовой подсветкой, музыкой, театрализованными представлениями, демонстрирующими сцены из жизни аборигенов. Этот вид экотуризма наиболее развит в Австралии, поэтому его отождествляют с «австралийской моделью развития экотуризма» [2].

О казахстанской модели развития экотуризма говорить пока не приходится. Наши национальные парки начинают делать первые шаги в этом направлении, и у них тоже возникает проблема, где взять квалифицированные кадры гидов экологического туризма. Особенно остро эти вопросы проявляются весной, когда в Казахстане становятся популярными туры бедвочеров, которые в апреле–мае приезжают в Алматинский регион даже из Австралии. Как обслужить этих людей без нареканий, профессионально, со знанием дела? Конечно, пока выручают ученые-орнитологи, но и они не могут решить эту проблему в дальнейшем.

Обучение слушателей показало, что большинство соискателей сертификата гида экологического туризма слабо знают свой район, Заилийский Алатау, его ущелья, интересные места на территории Алматинского региона и всего Казахстана. А без знаний гида из таких людей не получится. Опыт проведения курсов показал, что, безусловно, лекции важны, но все же это теория. Но при этом очень важна полевая практика слушателей, особенно студентов, обучающихся на естественнонаучных факультетах университетов и институтов. Для слушателей необходимо познание окружающей природы и местной культуры. А это можно сделать за счет учебных, научно-популярных и тематических экскурсий, пролегающих по специально оборудованным экологическим тропам. Чаще всего они также организуются по территориям заповедников и национальных парков. Наши слушатели побывали в Тамгалы и прослушали лекцию д.и.н., профессора Марьяшева А.Н. о местных наскальных изображениях, а также на городище Тальхиз.

Известный краевед Поздеев А.Г. познакомил слушателей со своей новой книгой, посвященной достопримечательностям ущелий Заилийского Алатау, объектам туристско-экскурсионного показа на казахстанском участке Великого Шелкового пути.

И вновь мы возвращаемся к тому, кто в Казахстане будет готовить гидов экологического туризма. Путь здесь несколько. На наш взгляд, решение этой проблемы возможно за счет создания системы профессиональной подготовки специалистов в сфере туризма в структуре дополнительного образования. К примеру, в Российской Федерации уже накоплен подобный опыт и в разных регионах страны подготовкой гидов экологического туризма занимается ряд вузов. Созданы специальные экологические лагеря, проводятся экологические экспедиции, где повышают свой опыт гиды экологического туризма. И даже защищен ряд диссертаций на эту тематику. В Казахстане существуют предпосылки и условия для создания системы профессиональной подготовки специалистов в сфере туризма в структуре дополнительного образования. Дело теперь за вузами.

Не утратила свою силу и курсовая подготовка. На наш взгляд, нужна продуманная совместная стратегия подготовки гидов экотуризма кафедры «Туризм и сервис» университета «Туран» и Казахстанской туристской ассоциации. Но это, скажем, для Алматинского региона. Но такую же работу можно развернуть и в других перспективных для экотуризма регионах страны. Думаю, что найдутся и там вузы, которые взялись бы за подготовку гидов экологического туризма в рамках дополнительного профессионального образования.

Что касается определения места специализации «гид экологического туризма» в профессионально-квалификационной структуре кадров туристско-экскурсионной системы, то выявлены основные направления подготовки гидов экологического туризма в системе дополнительного профессионального образования: организация и проведение экскурсий по интерпретации природного и культурного наследия на экологической тропе; учебные мероприятия в сфере экологического туризма; походы, экологические акции, экспедиции; эколого-воспитательные и эколого-образовательные мероприятия в условиях похода, экологические лагеря и образовательные учреждения. И думается, что вполне решаема и проблема терминологии в отношении гидов экологического туризма. За основу можно взять опыт терминологии инструкторов и гидов туризма, который обсуждался на различных уровнях: законодательном, научном, практическом.

Проблема подготовки гидов экологического туризма тесно переплетается с подготовкой гидов и инструкторов активных видов туризма. Меняющаяся конъюнктура рынка труда в сфере туризма Казахстана приводит к появлению новых специальностей и специализаций, способствующих профессионально ориентированной системе подготовки кадровых ресурсов. Если 25 лет тому назад теоретики туризма прогнозировали рост туризма за счет увеличения туристов из-за рубежа, которые будут приезжать на Северный Тянь-Шань, чтобы совершить горные маршруты различной категории сложности. А отсюда основной упор делался на увеличение подготовки инструкторов и гидов горного туризма. Но, увы, закрытие границы в горах резко сократило поток горных туристов, и надежды на их счет не оправдались. В то же время актуальность подготовки специалистов экологического туризма в системе дополнительного профессионального образования в Казахстане налицо. Если на заре независимости в Казахстане число турфирм, занимающихся разработкой туров экстремального туризма можно было пересчитать по пальцам, то сегодня только в Алматы их удельный вес составляет около 15%. А отсюда необходимость в подготовке соответствующих гидов туризма очевидна. Да только их подготовка пущена на самотек. А это чревато несоблюдением мер безопасности, особенно на воде. Автор был очевидцем, когда во время майской Иле-Балхашской регаты руководители одной из алматинских турфирм в рафты посадили женщин с маленькими детьми без инструктора водного туризма, не взяв во внимание даже сильный встречный ветер и дождь на маршруте. Причина такого отношения к своим клиентам и технике их безопасности обусловлена погоней за сиюминутной прибылью, надеждой на «авось», а главная причина – катастрофическое отсутствие инструкторов и гидов водного туризма.

Да и в других активных видах туризма положение с инструкторами и гидами не лучше. Где-то турфирмы еще обходятся за счет великовозрастных «последних могилок» инструкторов туризма советского периода. А тот состав гидов туризма, что выпускает Республиканская

федерация спортивного туризма, – это капля в море, да и опыта туристского у них маловато. Безусловно, все эти проблемы с подготовкой туристских кадров, особенно инструкторов туризма, гидов туризма, гидов экологического туризма представляются актуальными и требуют скорейшего решения.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Экологический туризм: информационное пособие / под. ред. Фонда развития экотуризма «Дерсу Узала». – Волгоград, 2012. – 304 с.

2 Шайкенова Р.Р., Мамутова К.Р. Современное состояние экологического туризма в Казахстане // Экологический и этнографический туризм: становление, проблемы и перспективы развития: сборник статей Всероссийской научно-практической конференции. – Хабаровск, 2009.

Аңдатпа

Экологиялық туристік бағыттаушылардың туризмге мамандарды даярлаудың ажырамас бөлігі ретінде қарастыратындығын ескере отырып, мақалада туризм саласында кәсіптік білім берудің тәсілдері көрсетілген. Экологиялық туризмді дамыту үрдістерін талдау: аймақтық және республикалық деңгейлерде экологиялық туризмді насихаттау; экологиялық туризм саласындағы мамандандырылған бағдарламаларға сұраныстың артуы; үшжакты (мемлекеттік туристер – жергілікті тұрғындар) дамуына қызығушылықтың артуы экологиялық туризмнің экологиялық-ағартушылық, экология-ағартушылық және экологиялық компоненттері, туристердің экологиялық мәдениетін жақсартуға және аймақтағы экологиялық балансты сақтауға бағытталған, қосымша кәсіби білім беру жүйесінде экологиялық туризм мамандарын даярлаудың өзектілігін дәлелдейді. Зерттеу барысында «экотуризм гиді» және туристік-экскурсиялық жүйесінің кадрларын кәсіби және біліктілік құрылымында мамандандыру орнына «экологиялық туризм гиді» тұжырымдамасын сипаты мен ерекшелігін анықтады, қосымша кәсіптік білім жүйесіндегі оқу экотуризм гидтерді негізгі бағыттарын айқындады: турлар ұйымдастыру және өткізу табиғи және мәдени мұраны түсіндіру бойынша; экологиялық туризм саласында білім беру қызметі; жаяу серуендеу, экологиялық іс-шаралар, экспедициялар; экологиялық, білім беру және экологиялық-білім беру шаралары, экологиялық лагерь және білім беру мекемелері.

Тірек сөздер: табиғи қорлар, табиғи объектілер, экотурлар, экотуристер, гидтер, экотуризм, экскурсия, экспедиция.

Abstract

In the present article the author considers training of ecological tourism guides as an integral part of the training of specialists for the sphere of tourism, suggests approaches to professional education in the sphere of tourism. The analysis of trends in the development of ecological tourism, such as the promotion of ecological tourism at the regional and state levels, the increase in demand for specialized programs in the field of ecological tourism, the growth of the tripartite interest (state-tourists-local population) in the development of environmental, educational and environmental components of ecological tourism, aimed at improving the ecological culture of tourists and maintaining the ecological balance in the region proves the topicality of preparing eco-tourism experts in system of additional vocational training. As a result of the research, the essence and specificity of the concept of the «ecological tourism guide» were identified and the role of specialization of the «guide of ecological tourism» in the professional and qualification structure of the tourist and excursion system staff was identified, the main directions of training of ecological tourism guides in the system of additional professional education were stated such as: organization and conduct of excursions on the interpretation of the natural and cultural heritage on the ecological path; educational activities in the field of ecological tourism; hiking, environmental actions, expeditions; ecological-educational and ecological-educational measures in the conditions of the campaign; ecological camps and educational institutions.

Key words: natural reserves, natural objects, ecotours, ecotourists, guides, ecotourism, excursions, expeditions.

FTAMP 06.52.13
ӘОЖ 330.34;330.35

А.К. САУЛЕМБЕКОВА,¹

докторант.

Б. КАЛИМУРАТҚЫЗЫ,¹

докторант.

Халықаралық бизнес университеті¹

ЕАЭО МЕМЛЕКЕТТЕРІ НАРЫҒЫН БІРІКТІРУ ЖӘНЕ ҮЙЛЕСТІРУ

Аңдатпа

Мақалада ЕАЭО дамуының негізгі бағыттары дайындалғанда ескерілген, экономикалық дамудың трендтері мен шақыртуларының жіктелімі көрсетілген. Бірінші топ әлемнің барлық мемлекеттеріне, соның ішінде ЕАЭО мүше-мемлекеттеріне тән жалпы сын-тегеуіріндерін қамтиды. Екінші топқа жалпы ЕАЭО және оның мүше-мемлекеттеріне тән ішкі трендтер жатады: халықаралық экономикалық санкциялар, ұлттық валютаның девальвациясы, ақша-несие саясатының өзгерісі, экономикалық даму қарқынының төмендеуі, бизнес-циклдер, транзиттік трендтер, технологиялық фактор. Үшінші топ интеграциялық нәтижені жүзеге асырудың міндетімен байланысты интеграциялық трендтерді қамтиды. Ең соңғы төртінші топқа «өсу әсері» және «дағдарыс әсері» деп аталатын, өзара әсердің сын-тегеуіріндері мен трендтері жатады. Сонымен қатар, халықаралық рейтинг агенттіктің мәліметтері бойынша ЕАЭО мемлекеттері қаржы нарықтарының позицияларын анықтау үшін, түрлі рейтингтік бағалауға бағытталатын, мемлекеттерінің бәсекеге қабілеттілігіне салыстырмалы талдау жасалынды. Осы рейтингтердің ішіндегі анағұрлым танымалыларының қатарына Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі, «Бизнес жүргізудің жеңілдігі» (Doing Business) Дүниежүзілік банкінің рейтингісі, The Heritage Foundation зерттеу орталығы және The Wall Street Journal баспасы экономикалық бостандығының индексі, The Economist Intelligence Unit зерттеу орталығы операциялық тәуекелінің рейтингісі, The PRS Group ұйымы мемлекет тәуекелдерінің Халықаралық анықтамалығының рейтингісі, Бертельсман Қоры (Bertelsmann Stiftung) экономикалық түрленуінің индексі және т.б. жатады.

Тірек сөздер: үйлестіру, құбылмалылық, әлемдік бағалар, экономикалық ықпалшара, девальвация, бәсекеге қабілеттілік, трендтер, индекс, рейтинг.

Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) мемлекеттеріне бірыңғай капитал нарығы мен қаржылық қызметті құру шеңберінде заңнаманы үйлестіретін, нарықты біртіндеп біріктіретін және ұлттық реттеушіні құратын бірнеше кезеңдерден өту талап етіледі.

Ортақ нарық және біріктірілген жобаларды жүзеге асыру үшінші мемлекеттерден тікелей инвестиция тарту үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады, ол өз кезегінде 2030 жылға дейінгі аралықта тұтас біріккен әсерде ерекше рөлге ие болады. Үшінші мемлекеттерден тартылған тікелей шетел инвестициясының ағыны 2030 жылға қарай 90 млрд АҚШ долларын құрауы мүмкін. Сондай-ақ, жалпы ішкі өнімдегі өзара инвестициялардың үлесі біртіндеп өсіп, ал үшінші мемлекеттерден тартылған инвестиция үлесі – төмендейтін болады [1].

ЕАЭО даму сценарийі бойынша, оларды әзірлеудің негізгі болжамы мен жүзеге асыру үшін жағдайлар негізгі бағыттарды әзірлеуде ескерілген, экономикалық дамудың трендтері мен шақырулар, келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізудің жедел үдерісінде назарға алынады.

Ең басты назарда шақырулар мен трендтердің негізгі төрт түрі қарастырылады. Біріншісі әлемнің барлық мемлекеттерінің, соның ішінде – ЕАЭО мүшелерінің жалпы шақыртуларын қамтиды, олар: экономикалық өсу орталықтарын жылжыту, аймақтандырудың өсуі, негізгі сауда серіктестерінің экономикалық жағдайы, ақша-несие қатынасының әлемдік жүйесі, энергетика нарығы жүйесінің тұрақсыздығы, биржалық тауарларға деген әлемдік бағалардың құбылмалылығы, тұрғындардың қартаюуы, урбандалу, экология.

Екінші топқа жалпы ЕАЭО және оның мүше-мемлекеттеріне тән ішкі трендтер жатады: халықаралық экономикалық санкциялар, ұлттық валютаның девальвациясы, ақша-несие саясатының өзгерісі, экономикалық даму қарқынының төмендеуі, бизнес-циклдер, транзиттік трендтер, технологиялық фактор.

Үшінші топ интеграциялық нәтижені жүзеге асырудың міндетімен байланысты интеграциялық трендтерді қамтиды.

Ең соңғы төртінші топқа «өсумен зақымдану» және «дағдарыспен зақымдану» деп аталатын, өзара әсердің шақыртулары мен трендтері жатады.

Түрлі экономикалық параметрлер бойынша мемлекеттердің бәсекелестік позициясын бағалауға ғылыми-зерттеу орталықтары мен ұйымдарында тұрақты түрде жарияланатын халықаралық рейтинг есебі мүмкіндік береді. Осы рейтингтердің ішіндегі анағұрлым танымалыларының қатарына Дүниежүзілік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі, «Бизнес жүргізудің жеңілдігі» (Doing Business) Дүниежүзілік банкінің рейтингісі, The Heritage Foundation зерттеу орталығы және The Wall Street Journal баспасы экономикалық бостандығының индексі, The Economist Intelligence Unit зерттеу орталығы операциялық тәуекелінің рейтингісі, The PRS Group ұйымы мемлекет тәуекелдерінің Халықаралық анықтамалығының рейтингісі, Бертельсман Қоры (Bertelsmann Stiftung) экономикалық түрленуінің индексі және т.б. жатады.

Көрсетілген рейтингтердегі ЕАЭО мемлекеттерінің (соның ішінде ұйымға кіру туралы мәмілеге қол қойған Қырғызстан) жағдайы туралы салыстырмалы мәліметтер 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Халықаралық рейтингтегі ЕАЭО мемлекеттерінің бәсекелестік позициясы

Рейтинг атауы	Рейтингте қамтылған барлық мемлекеттердің (ЕАЭО мемлекеттерінің ішінде) арасындағы рейтингтегі мемлекеттің орны				
	Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғызстан	Ресей
Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі	85 (3)	Көрсетілмеген	50 (1)	108 (4)	53 (2)
«Бизнес жүргізудің жеңілдігі» (Doing Business) рейтингісі	45 (1)	57 (2)	77 (4)	102 (5)	62 (3)
Экономикалық бостандықтың индексі	52 (1)	153 (5)	69 (2)	82 (3)	143 (4)
Операциялық тәуекелдің рейтингісі	89 (1)	162 (5)	117 (2)	148 (3)	148 (3)
Мемлекет тәуекелдерінің халықаралық анықтамалық рейтингісі	104 (3)	120 (4)	43 (1)	көрсетілмеген	60 (2)
Экономикалық түрлендіру индексі	48 (2)	90 (5)	47 (1)	70 (4)	48 (2)
Ескертпе – [1–6] әдебиет көзінің негізінде автормен құрастырылған.					

Институттардың сапасы, инфрақұрылым, макроэкономикалық тұрақтылық, денсаулық және бастауыш білім беру, жоғары білім және кәсіби даярлау, тауарлар мен қызметтер нарығының, еңбек нарығының тиімділігі, қаржы нарығының дамуы, технологиялық даму деңгейі, ішкі нарық көлемі, компанияның бәсекеге қабілеттілігі және инновациялық әлеует секілді 12 бақылау көрсеткіштерін біріктіретін, 114 айнымалы бойынша құралған, жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде әлемнің 144 мемлекетінің ішінде ЕАЭО мемлекеттері 50-ден (Қазақстан) 108-ге (Қырғызстан) дейінгі орынға ие. Беларусь рейтингіде көрсетілмеген, алайда зерттеушілердің бағалауы бойынша ол шамамен 93-орынға ие болатын еді. Рейтингте орналасқан ЕАЭО мемлекеттерінің басты экономикалық мәселесі жемқорлық, бизнесті

қаржыландыруға шектелген қол жеткізу, салықтық реттеудің ерекшелігі, бюрократия, саяси тұрақсыздық (Қырғызстан экономикасы үшін өзекті) болып табылады [1].

Кәсіпкерлік қызметті реттеумен байланысты заңнаманы объективті бағалауға мүмкіндік беретін және оның 189 мемлекетте пайдаланылуы кәсіпорынды тіркеу, құрылысқа рұқсат алу, электрожабдықтау жүйесіне қосылу, меншікті тіркеу, несиелеу, инвесторды қорғау, салық салу, халықаралық сауда, келісім шарттардың орындалуын қамтамасыз ету және төлем қабілеттіліктің болмауына рұқсат беру секілді аспектілерде қолданылуына қатысты «Бизнес жүргізудің жеңілдігі» (Doing Business) рейтингісінде ЕАЭО мемлекеттері 45-тен (Армения) 102-ге (Қырғызстан) дейінгі орында орналасқан. Аталған рейтингке сәйкес, аймақтың барлық мемлекеттері үшін анағұрлым өзекті мәселелер мыналар болып табылады: халықаралық сауда рәсімдерінің күрделілігі және кәсіпорындардың электрлік желілерге қосылуы, сонымен қатар, Ресей мен Қазақстан мемлекеттері үшін құрылысқа рұқсат беру қиындығы, Армения үшін – келісімшарттардың орындалуын қамтамасыз ету, Беларусь мемлекеті үшін – бизнесті несиелеуге қол жетімділік, Қырғызстан үшін – фирмалардың банкроттық рәсімі және салық жүйесінің ерекшелігі [2].

Меншік құқығын қорғау, жемқорлықтан босатылу, үкіметтік шығындар, салықтық бостандық, бизнесті ашу бостандығы, еңбек қарым-қатынастарының бостандығы, монетарлық бостандық, сауда бостандығы, инвестиция жасау бостандығы мен қаржылық бостандық секілді он компоненттің орташа арифметикалық көрсеткішін құрайтын, әлемнің 178 мемлекетінің экономикалық бостандық индексінің көрсеткіші бойынша ЕАЭО мемлекеттері 52-ден (Армения) 153-ке (Беларусь) дейінгі орынды алуда. Осындай орынды иелену, мемлекеттерде ең алдымен индекстің алдыңғы екі компоненттерінің төмен көрсеткіші, ал Ресей мен Беларусь елдері үшін аталған компоненттер ішіндегі соңғы екі позицияның әлсіздігі негізінде болып отыр [3].

Қауіпсіздікпен, саяси тұрақтылықпен, мемлекеттік басқарудың тиімділігімен, заңнамалық реттеумен, макроэкономикалық жағдаймен, халықаралық сауда және төлеммен, қаржымен, салық саясатымен, жұмыс күші нарығы және инфрақұрылыммен байланысты он тәуекелді бағалауға бағытталатын, операциялық тәуекел рейтингісінде ЕАЭО мемлекеттері әлемнің 180 мемлекетінің ішінде 89-дан (Армения) 162-ге (Беларусь) дейінгі орында. Рейтинг авторларының пікірі бойынша, анағұрлым жоғары тәуекелге саяси тұрақтылық, мемлекеттік басқару тиімділігі және заңнамалық реттеу аймағындағы елдер ие. Ерекше маңызды көңіл қоюды талап ететін тәуекелдерге: макроэкономикалық тәуекелдер, халықаралық төлем және сауда (Беларусь және Ресей үшін) аймағындағы тәуекелдер, инфрақұрылымды дамыту мәселелерімен байланысты тәуекелдер (Армения, Беларусь және Қырғызстан мемлекеттері үшін), қаржылық тәуекелдер (Беларусь және Қырғызстан үшін) жатады [4].

Өз кезегінде, саяси, қаржылық және экономикалық тәуекелдердің категориясы бойынша топталған, 22 айнымалыға негізделген, мемлекеттік тәуекелдің Халықаралық анықтамалық рейтингісі бойынша ЕАЭО мемлекеттері (рейтингте көрсетілмеген Қырғызстанды қоспағанда) әлемнің 140 мемлекетінің ішінде 43-тен (Қазақстан) 120-ға дейінгі (Беларусь) дейінгі орында орналасқан. Аталмыш рейтингке сәйкес, аймақтағы мемлекеттердің негізгі мәселелеріне жемқорлық, биліктің әлсіз ашықтығы (есеп беруге міндеттілік) және бюрократия сапасы, ал Армения мен Беларусь мемлекеттерінде әлеуметтік-экономикалық жағдай, жан басына шаққандағы ЖҰӨ-нің төмен деңгейі, халықаралық валюталық өтімділіктің деңгейі болып табылады. Сондай-ақ, аймақтағы басқа мемлекеттердің аясында Беларусь мемлекетіндегі инфляция қарқынының жоғары болу мәселесі кедергі келтіруде [5].

Сондай-ақ, 129 посткеңестік мемлекеттері мен үшінші әлем елдерінің нарықтық экономикаға өту деңгейін көрсететін және әлеуметтік-экономикалық даму, нарықтық ұйым және бәсекелестік, валюталық және бағалық тұрақтылық, жекеменшік, жаппай әл-ауқат деңгейі, экономикалық нәтижелер мен тұрақты даму секілді көрсеткіштерге негізделген экономикалық түрленудің индексі көрсеткіші бойынша ЕАЭО мемлекеттері 47-ден (Қазақстан) 90-ға (Беларусь) дейінгі орынды иеленеді. Дегенмен аймақтың барлық мемлекеттері үшін тұрақты даму критерийі бойынша төмен көрсеткіш байқалады және де, рейтинг авторларының зерттеулеріне сәйкес, Армения, Қазақстан және Қырғызстан мемлекеттері үшін – әлеуметтік-экономикалық даму мәселесі, Армения, Ресей, Қырғызстан үшін – жаппай әл-ауқат деңгейі, жеке Ресей үшін – жеке секторды қолдау жағдайы, Қырғызстан үшін – мемлекет экономикасының көрсеткішін

жақсарту мәселелері өзекті болып отыр. Беларусь мемлекеті аталған рейтингте, тек бірінші критерийді қоспағанда, қалғандары бойынша төмен көрсеткіш көрсетуде [6].

Сонымен, рейтингтік бағалауға бағытталған ЕАЭО мемлекеттерінің бәсекеге қабілеттілігін салыстырмалы талдау қорытындысы аймақ мемлекеттерінің ішінде анағұрлым бәсекелестік артықшылыққа Қазақстан мен Арменияның ие екендігін көрсетеді. Барлық қарастырылған халықаралық рейтинг бойынша салыстырмалы түрде төмен позицияны иеленген Ресей, ал содан кейінгі орында Қырғызстан мемлекеті тұр. Зерттеп отырған аймақтағы бәсекеге қабілеттіліктің төмен көрсеткішін Беларусь мемлекеті көрсетуде. Оны «Бизнес жүргізудің жеңілдігі» (Doing Business) рейтингісінен басқа (әлемдегі дамыған 30 елдің қатарына кіру үшін мемлекет үкіметінің нақты айқындалған жоспары бар), қалған барлық рейтингтер дәлелдейді [7].

Сөзсіз, бәсекеге қабілеттіліктің әртүрлі деңгейі, ЕАЭО мемлекеттерінің іскерлік және инвестициялық тартымдылығы осы бірлестікті құрудан экономикалық нәтиже оның мүшелері үшін бірдей емес, соның ішінде, болмашы болуы мүмкін. Бұл өз кезегінде, дамуы бойынша артта қалған мемлекеттерді және халықаралық рейтингте көрсетілген көрсеткіштері төмен аймақтың кейбір мемлекеттеріне әрі қарай экономикалық реформалар жүргізуге, бизнес жүргізудің жеңілдігі жағдайларын жетілдіруге және жалпы айтқанда, әлеуметтік-экономикалық даму параметрлерін арттыруға септігін тигізуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 The Global Competitiveness Report 2014–2015 // World Economic Forum. URL: <http://reports.weforum.org/global-competitiveness-report-2014-2015/> (date of access: 28.04.2015).

2 Doing Business: оценка бизнес-регулирувания // Группа Всемирного банка. URL: <http://russian.doingbusiness.org> (дата доступа: 28.04.2015).

3 2015 Index of Economic Freedom // The Heritage Foundation & The Wall Street Journal. URL: <http://www.heritage.org/index/> (date of access: 28.04.2015).

4 Risk Briefing: Monitoring Risk in 180 Markets // The Economist Intelligence Unit. URL: <http://viewswire.eiu.com/index.asp?layout=homePubTypeRK> (date of access: 28.04.2015).

5 International Country Risk Guide Tables // The PRS Group. URL: <https://epub.prsgroup.com/icrg-tables> (date of access: 28.04.2015).

6 Transformation Index BTI 2014 // Bertelsmann Stiftung. URL: <http://www.bti-project.org/index/> (date of access: 28.04.2015).

7 Программа деятельности Правительства Республики Беларусь на 2011–2015 годы: утв. Постановлением Совета Министров Республики Беларусь 18 февраля 2011 г. № 216 // Справочно-правовая система «КонсультантПлюс». [Электронный ресурс] / Компания «КонсультантПлюс».

Аннотация

В статье предложена классификация трендов и вызовов экономического развития, которые учитывались при разработке основных направлений развития ЕАЭС. Первая группа включает общие вызовы для всех стран мира, в том числе государств-членов ЕАЭС. Ко второй группе относятся внутренние тренды, характерные непосредственно для государств-членов и ЕАЭС в целом: международные экономические санкции, девальвация национальных валют, изменение денежно-кредитной политики, снижение темпов экономического развития, бизнес-циклы, транзитные тренды, технологический фактор. Третья группа включает интеграционные тренды, связанные с задачей реализации интеграционных эффектов. К четвертой группе были отнесены вызовы и тренды взаимного влияния, именуемые «заражение ростом» и «заражение кризисом». Также проводится сравнительный анализ конкурентоспособности стран ЕАЭС, базирующийся на различных рейтинговых оценках с целью определения позиций финансовых рынков этих государств согласно международному рейтинговому агентству. К числу наиболее известных из данных рейтингов относятся индекс глобальной конкурентоспособности Всемирного экономического форума, рейтинг Всемирного банка «Ведение бизнеса» (Doing Business), индекс экономической свободы исследовательского центра The Heritage Foundation и издания The Wall Street Journal, рейтинг операционного риска исследовательского центра The Economist Intelligence Unit, рейтинг Международного справочника страновых рисков организации The PRS Group, индекс экономической трансформации Фонда Бертельсманна (Bertelsmann Stiftung) и др.

Ключевые слова: гармонизация, волатильность, мировые цены, экономические санкции, девальвация, конкурентоспособность, тренды, индекс, рейтинг.

Abstract

The article proposes a classification of trends and challenges of economic development, which were taken into account in the development of the main directions of the development of the EAEU. The first group includes common challenges for all countries of the world, including the member states of the EAEU. The second group includes internal trends that are specific to the member states and the whole EAEU in general: international economic sanctions, devaluation of national currencies, changes in monetary policy, slowdown in economic development, business cycles, transit trends, technological factors. The third group includes integration trends associated with the task of implementing integration effects. The fourth group included challenges and trends of mutual influence, referred to as “infection by growth” and “infection by crisis”. A comparative analysis of the competitiveness of the EAEU countries is also conducted, based on various rating assessments in order to determine the positions of the financial markets of these states according to the international rating agency. Among the most known of these ratings are the Global Competitiveness Index of the World Economic Forum, World Bank’s rate “Doing Business”, The Heritage Foundation’s Economic Freedom Index and The Wall Street Journal, the Operational Risk Rating of The Economist Intelligence Research Center Unit, the rating of the International Directory of Country Risk of the PRS Group, the economic transformation index of the Bertelsmann Stiftung Foundation, and others.

Key words: harmonization, volatility, world prices, economic sanctions, devaluation, competitiveness, trends, index, rating.

ӨНЕРКӘСІП КӘСІПОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУЫН ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Андатпа

XXI әлемдік қауымдастық инновациялық талаптарға тап болуда, бұл жоғары технологиялардың дамуы, ақпараттандыру, еңбек бөлінісі мен жұмыс күшінің сапасының өзгеруімен байланысты. Сонымен қатар, бүкіләлемдік жаһандану үрдісі халықаралық әріптестіктің және мемлекетаралық қатынастардың жаңа нысандарын ашып қана қоймай, саяси, экономикалық, әлеуметтік мәселелерді жаңа қырынан қарастыруды талап ететін қарама-қайшылықтарға әкеліп соқтыруда. Экономикалық кеңістіктің жаһандық өзгерістері ақпараттық қоғамға ауысумен, ЖІӨ қалыптастыруда жоғары технологиялардың рөлінің арутымен байланысты. Қазіргі таңда экономиканың әлемдік деңгейдегі даму кезеңі жергілікті және ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігімен, сонымен қатар өндірістік сектордың инновациялық деңгейімен тығыз байланысты. Алайда инновациялық қызметтің тиімділігі мәселесінің мәні тек экономикалық есеп амалдары мен құралдарына ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынның келешек дамуының нұсқаларын іздеуге де байланысты. Бұл инновациялық қызмет (инновациялық әлеует, инновациялық жоба) компоненттері дамуының түрлі нұсқалары барысында бағалау жүйесін қалыптастыру қажеттілігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Мақалада өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық дамуының негізі, оның экономикалық қатынастар жүйесіндегі орны мен рөлі қарастырылған.

Тірек сөздер: инновация, экономика, білім, инновациялық жобалар, технология, компоненттер, өндіріс, кәсіпорын.

Инновациялық қызметтің жай-күйі кез келген мемлекетте қоғам мен экономика дамуының маңызды индикаторы болып табылады. Дамыған елдерде инновациялық, саяси-мемлекеттік, әлеуметтік-экономикалық саясаттың құрамдас бөлігі. Инновацияның әлеуметтік-экономикалық даму үшін өзектілігі мен маңыздылығын ескере отырып, инновациялық және инвестициялық қызметті жандандыру мәселесі Қазақстан Республикасының экономикалық дамуының маңызды басымдықтары ретінде айқындалған.

Дамыған елдердің көпжылдық тәжірибесі экономика мен қоғамның дамуындағы табыс тек жаңа білім мен ғылыми-техникалық прогрестің арқасында ғана қамтамасыз етіле алатынын көрсетіп отыр.

Стратегиялық табысқа бағдарланған кәсіпорындар әлемдік рыноктағы үдемелі ішкі және сыртқы бәсекелестіктің арқасында инновацияны менеджменттің маңызды элементі ретінде қарастырады. Кәсіпорынның ұзақ мерзімді қызметі мен қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету кәсіпкерлік қызметтің табысын айқындайтын жаңа өнімдер, озық технологияларды енгізу арқылы қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты инновациялық менеджменттің өзіндік формаларын жетілдіру қажеттілігінен туындаған басқарушылық қызметтің мазмұны өндірістің даму тактикасы мен стратегиясының инновациялық бағыттылығына жаңа талаптар қояды.

Өз кезегінде, бұған дейінгі болған білім кешенін үнемі қайта қарастырып отыру қажет, себебі әлемдік экономиканың құрылымдық өзгерістерінің, жаңа әлеуметтік-экономикалық және технологиялық сын-тегеуіріндерінің динамикалық тұрақсыздықтары өнеркәсіптегі инновациялық үдерісті ұйымдастыру түрлері мен әдістерін эволюциялық тұрғыдан үздіксіз бірте-бірте дамытады. Өнеркәсіптегі жаңа енгізілімдер үрдісі теориялық тұрғыдан көнерген болып көрінеді, бұл төменде көрсетілген келесі эволюциялық факторларға байланысты:

- ♦ өнеркәсіптік өндірісте өнертабыстық қызметтің өмірлік циклы мен қарқындары қысқартылды;
- ♦ қызметтер мен құзыреттіліктер инновациялық қызметі институционалдандыру есебінен мамандандырылды;
- ♦ өңдейтін өнеркәсіп инновациялық жүйеде маңызды рольге ие болды;

- ♦ жаңа енгізілімдерге қатысушылардың желілік өзара әрекет ету ұстанымдары белсенді пайдаланыла бастады.

Белгіленген факторлардың аркасында өнеркәсіп кәсіпорындарын инновациялық басқару әдістерін бұдан әрі дамыту төмендегі ғылыми-теориялық бағыттар арқылы мүмкін болады:

- ♦ өнеркәсіптік сектордағы инновациялық қызметтер егжей-тегжейлі зерделенуі тиіс;
- ♦ жаңа енгізілімдерге қатысушылардың өнеркәсіптегі институционалдық құрылымы қайта қарауға жатады;
- ♦ өнеркәсіптік кешеннің инновациялық үдерісіне қатысушылардың ұйымдық-экономикалық өзара әрекеті желілік парадигма [1] негізінде құрылуы шарт.

Көптеген ірі, орта және шағын кәсіпорындардан тұратын отандық өнеркәсіптегі инновациялық үрдістер еліміздің экономикасындағы жағдайлардың ерекшеліктерімен, сондай-ақ әлемдік өнеркәсіптің даму беталыстарымен айшықталған көптеген факторлардың ықпалында болады. Соңғыларға жататындар:

- ♦ біріншіден, батыстың мамандарымен «зауыттардың жасырын тозуы» деп аталған индустриялық дамудың жалпы мәселелері;
- ♦ екіншіден, соңғы жылдары әлемдік рынокта өндірістік-техникалық мақсаттағы өнеркәсіптік өнімнің іскерлік белсенділігінің баяулауы байқалады. Бұл көптеген дамыған мемлекеттердегі өндірістің мардымсыз кеңеюінен және көрсетілген өнімнің өткізілуінен байқалады;
- ♦ үшіншіден, отандық өңдеуші кәсіпорын тарихи жағынан қалыптасқан көпқұрылымдылығымен сипатталады, бұл түрлі деңгейдегі ғылыми-техникалық базаға негізделген техника мен технологияны бір уақытта сақтау және қызмет етуінде, ескірген технологиялар мен өндірістерде қор жинақтауда көрініс табады [2].

Нарықтық экономикалық қатынастарға көшуге орай тұтынушылардың отандық өнеркәсіптегі өнімдері мен технологиялардың инновациялық өзгерістерін ынталандыратын факторлар жүйесіндегі рөлі өзгереді. Бірақ нарық қажеттіліктерін қанағаттандыру зерттеулер мен әзірленімдер кезеңінен басталады, олардың басым бөлігі мамандандырылған ұйымдардың «Ғылым және ғылыми қызмет көрсету» салаларында орындалады. Сондықтан еліміздегі ғылыми саланың жай-күйін есепке ала отырып, тек сонан соң ғана отандық кәсіпорындағы инновациялық қызметтің келешегі мен қазіргі жай-күйі туралы айтуға болады.

Осы мәселе бойынша қолда бар статистикалық деректер ғылыми саланың жағдайын қанағаттанарлықсыз және нашарлап жатыр деп сипаттауға мүмкіндік береді.

Бұған өнеркәсіптік инновациялардың «қозғаушы» болып табылатын ғылыми ұйымдардың материалдық-техникалық базасының жай-күйін зерттеулері нақты дәлел бола алады. ҚР Статистика жөніндегі агенттігінің деректеріне қарағанда ғылыми ұйымдардың машиналары мен құралдарының қолданылу мерзімі олардың 40%-ның 20 жылдан артық қолданылып жатқанымен сипатталады, әрі бұл негізінен зертханаларына, аспаптар мен өлшеу құрылғылары құралдарына қатысты екенін көрсетеді.

Жаңа техника үлгілерін жасаудың орташа ұзақтығы 2–3 жылды құрайды. Бұл, біздің ойымызша, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметтің рыноктық қарқындылығын арттыру ынтасына инновациялық үдерістердің бастапқы кезеңдерін қаржыландыруды ұйымдастырумен байланысты қиындықтарға қарсы тұра білу деген сөз.

Мемлекеттік мақсатты бағдарламалар бойынша қаржыландырылатын әзірленімдермен салыстырғанда кәсіпорындар мен ұйымдардың бастамашыл әзірленімдері үлесінің тұрақты өсуі байқалады.

Көрсетілген статистикалық деректер өнеркәсіптегі негізгі көз және инновацияның қозғаушы болып табылатын ғылыми-техникалық саладағы жағдайдың дамуын тек қысқаша ғана сипаттауға мүмкіндік береді.

ҚР Статистика жөніндегі агенттігімен өткізілген өнеркәсіптік кәсіпорындардың инвестициялық белсенділігін ішінара тексеру деректеріне сүйенсек, келесілер өнеркәсіптік кәсіпорындардың инвестициялық қызметін ұстайтын негізгі факторлар болып табылады [3]:

- ♦ өзіндік қаражаттарының болмауы (бұны кәсіпорын жетекшілерінің 53% көрсетеді);
- ♦ банктік несие пайызының жоғарылығы (35%);
- ♦ еліміздің экономикалық және саяси жағдайы (35%);
- ♦ жоғары инвестициялық тәуекелдер (33%);

- ♦ инвестициялық жобаларды іске асыру үшін кредит алудың қиындығы (31%);
- ♦ инвестициялық үдерістерді реттейтін нормативтік-құқықтық базаның жай-күйі (30%).

Инновациялық қызметті тиімді жүргізу кәсіпорынның инновациялық дамуының ұйымдық және экономикалық тетігін қамтамасыз ету мәселесін шешу барысында ғана жүзеге асырыла алады. Осындай қамтамасыз етудің негізінде кәсіпорындардың инновациялық дамуының түрлі кезеңдерінде жекелеген элементтерді іске асыруға ықпал ететін тетіктер тұжырымдамасы жатқызылуы мүмкін.

Инновациялық үдеріс пен кәсіпорынның инновациялық қызметін ұйымдық қамтамасыз ету кем дегенде үш бағытта болады:

- ♦ ұтымды дамушы инновациялық инфрақұрылым құру;
- ♦ кәсіпорындардың инновациялық өзгерістерге қабілеттілігін зерттеу;
- ♦ инновациялар, инновациялық жобалар, инновациялық әлеуетті ұйымдық компоненттер (ұйымдық элементтер) ретінде қалыптастыру [4].

